

Кедергісіз келешек сыйлай алдық па?

3-бет



Ән салсам жан сарайым ашылады

4-бет



«Қарлығаштар» оралар күн жақын

6-бет



1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН

ҚАЗДАУЫСТЫ ҚАЗЫБЕК БИ: СӨЗДІҢ АТАСЫ – БІРЛІК, АНАСЫ – ШЫНДЫҚ
Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т І

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz

БЕЙСЕНБІ, 6 СӘУІР, 2023 ЖЫЛ №38 (23 214)

www.facebook.com/ortalyq.kz info@ortalyq.kz

• БӘРЕКЕЛДІ!

Отандық медицина жетістігі

Елімізде сүйек қатерлі ісігін ерте анықтауға мүмкіндік беретін препарат шығарылды. Бұған дейін натрий фториді шетелден сатып алынған болса, енді елімізде өндіріледі. Бұл мамандардың жылдар бойы жасаған еңбегінің нәтижесі.

Астанадағы ядролық медицина орталығының базасында осымен екінші рет радиофармацевтикалық препарат сынақтан сәтті өтіп, өндіріске жіберілді. Бұл медициналық өнім сүйектегі ісік метастазаның барлық түрін, сонымен қатар зақымданған сүйек ісіктерін диагностикалауға арналған. Бұл онкологиялық науқастарға арналған диагностикалық зерттеулердің спектрін кеңейтуге және шетелге бармай-ақ өз елімізде аталған

препараттармен зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді.

Радиофармацевтикалық препарат әлемде қолдануға рұқсат етілген дәрі саналады. Ол әлемде 60 жылдан астам уақыт бойы қолданылып келеді, алайда Қазақстан аумағында бұрын-соңды болмаған. Қазір ол сүйек метастаздары бар науқастарды диагностикалау үшін пайдаланылады.

Өз тілшімізден

• ҒЫЛЫМ

Жаңа сыйлықтар тағайындалуы мүмкін

Қазақстанда ғылыми зерттеумен айналысқан үздік ғалымдарға ғылымның әр саласынан 7 сыйлық және 75 мемлекеттік ғылыми стипендия беру көзделіп отыр. Ғылым және жоғары білім министрінің «Ғылым саласындағы сыйлықтар мен мемлекеттік ғылыми стипендиялар туралы» бұйрығының жобасы Ашық НҚА (нормативтік-құқықтық актілер) порталында жарияланды. Бұйрық жобасы 18 сәуірге дейін қоғамдық талқылауға болмақ.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Ғылым саласындағы сыйлықтар жыл сайын беріледі. Олардың қатарында жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік ғылыми зерттеу үшін Қаныш Сәтбаев атындағы сыйлық, гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік ғылыми зерттеу үшін Шоқан Уәлиханов атындағы сыйлық, аграрлық ғылым саласындағы үздік ғылыми зерттеу мен жұмыс үшін Александр Бараев атындағы үш сыйлық, педагогика саласындағы үздік ғылыми зерттеу мен жұмыс үшін Ыбырай Алтынсарин атындағы сыйлық, түркология саласындағы аса зор жетістіктер үшін Құлтегін атындағы сыйлық

беріледі. Ал жас ғалымдарға арналған Дінмұхамед Қонаев атындағы сыйлық жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік жұмыс үшін беріледі, гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жұмыспен жас ғалымдар Мұхтар Әуезов атындағы сыйлықты ала алады.

Бір адам ғылым саласындағы сыйлықты екі рет алуы үшін арада кемі 5 жыл мерзім өтуі тиіс.

Бұйрық жобасында аталғандай, 75 мемлекеттік ғылыми стипендия, оның ішінде 35 жасқа дейінгі талантты жас ғалымдар үшін 50 мемлекеттік ғылыми стипендия тағайындалмақ.

• ӨЗЕКТІ

Тапшылыққа жол бермес үшін...

Қазақстанда бензин қымбаттады. Тісінше, ел ішінде түрлі мазмұндағы әңгіме тарайды. Қоғамдық резонанс тудырған мәселеге қатысты Премьер-Министр Әлихан Смайылов пікір білдірді. «Бұл оңай шешім емес, бірақ, оны қабылдауға мәжбүрміз. Егер, қазір мұндай шешімді қабылдасақ, онда жақын арада жанармай тапшылығына тап боламыз», – деді Үкімет басшысы. Бүгінде еліміздің барлық аймағында жанармай құны екі-үш теңгеге көтерілгені белгілі.

Нұрқанат ҚАНАПИЯ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жанармай тапшылығын жоюдың бір амалы – өндірісті ұлғайту. Қазақстанда бұл бағыттағы жұмыс тиісті деңгейде жүзеге асырылып келеді. Әлихан Асханұлының мәліметінше, отандық зауыттар толық қуатпен жұмыс істеуде. Нәтижесінде, былтыр рекорд жасалды. Өндірілген дизель отыны 5,2 миллион тоннаны құрады. Яғни, соңғы бес жылда бензин өндірісі – 70 пайызға, дизель өндірісі 33 пайызға ұлғайды. Алайда, бұл қарқынның жанармай тапшылығын жоюға пайдасы тимей тұр.

Үкіметтің бағаны көтеруге мәжбүрліктен барғанын айтқан Премьер-Министр себебін де түсіндірді. Айтуынша, көршілес елдермен салыстырғанда Қазақстанда дизель мен бензин тұтыну деңгейі жоғары. Ал, бағасы арзан. Мәселен, бір жылда ресейлік бір азамат 225 литр дизельді көдеге жаратады. Қырғызстанда – 98 литр, Өзбекстанда – 44 литр. Ал, Қазақстанда жан басына шаққанда 370 литрден келеді. Оның үстіне жыл санап тұтыну деңгейі өсуде.

Тұтыну деңгейінің жоғары болуының бір себебі – жанармай шекарасы арқылы әлемдегі жеке автомобиль мен транзиттік көліктер арқылы шығып кетіп отыр. Себебі – Қазақстанда бензин мен дизель арзан.

Мысалы, Ресейде дизель отыны 45%-ға, Қырғызстанда 64%-ға, Өзбекстанда екі есе қымбат. Нәтижесінде, арзан отын әртүрлі жолдар



мен көрші елдерге әкетіліп жатыр, – деді Үкімет басшысы. Арнайы көліктерді былай қойғанда, бензинді бағына немесе жүксалғыштағы канистр-бөшкесіне ықпалды шекара асатын пысықайлар көп.

Былырғы жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда тұтыну көлемі 15 пайызға өскен. Премьердің лайымынша, бағаны көтермесе, биыл 850 мың тонна тапшылық туады.

Біздің арзан отын өзіміздің ұлттық мүддемізге емес, көрші елдердің экономикасына жұмыс істеп отыр. Сондықтан, жанар-жағармай

нарығындағы жағдайды тұрақтандыру үшін баға айырмашылығын төмендету керек. Бұл елден мұнай өнімдерінің жаппай шығарылуын азайтуға және ішкі нарықты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бізде бұдан басқа жол жоқ, – деді ол.

Дегенмен, бұл мәжбүрлі қадамның ауыл шаруашылығы мақсатындағы дизельге қатысы жоқ. Бір литр бағасы бұрынғырақ бекітілген 204 теңге сомасында қала бермек.

Бүгінде тауар өндірушілерге арналған арзандатылған дизель толық бөлінді. Ел өңірлеріне 413 мың тонна жөнелтіледі. Өткен жылмен са-

лыстырғанда 13 мың тоннаға артық. Енді, Үкімет сол дизельді шашып-төкпей шаруаның қолына тапсыру бойынша бақылауды күшейтеді. Премьер-Министр айтып өткендей, арзандатылған дизель отыны қажетті көлемде бөлінгенмен, кейбір операторлар өз міндеттемелерін толық орындамай отыр. Сәйкесінше, Үкімет тарапынан мониторинг күшейтіліп, әр дерек тексеріліп, жауапсыз операторлар жауапқа тартылады. Кейін ол операторлармен

келісімшарт түзілмейді. Сонымен қатар, Үкімет ішкі нарықты жанармаймен қамтамасыз ету және заңсыз сыртқа шығару жолдарын жою үшін басқа да іс-шараларды қолға алмақ.

Әлихан Смайылов жаңадан тағайындалған Энергетика министрі Алмасадан Сәтқалиевке мәселеге қатысты тапсырма берді. Министрліктің басты міндеттері қатарында ішкі нарықты мұнай өнімдерімен қамтамасыздандыру екенін айтып, осы орайда бензин мен дизель өндірісін, айналымын қатаң бақылауға ұстау туралы атап өтті.

• МӘСЕЛЕ

Балқаш билігі неге дәрменсіз?

Балқаш қаласының экономикалық дамуындағы негізгі драйвер – туризм. Қазақстан Республикасының 2019-2025 жылдарға арналған туризм дамуы туралы мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, Балқаш қураорттық аймағы туристік картасының «ТОП-10» тізіміне енгізілген болатын. Жалпы отандық туризм дамуына кедергі келтіріп тұрған мәселелер ретінде инфрақұрылым мен қызмет көрсету жиі аталады. Ал, оның ішіндегі ең негізгісі – дәретхана.

Нұрлос КӨРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

«Ұлы сөзге – ұят жоқ» демекші, айтсаң – ұят, айтпасаң – қиянат боларлық мәселені қозғауға тура келді. Мұны редакцияға хабарласқан балқаштық ағайынның жанайқайы десек те болады. Дәретхана туралы әңгіме қозғала қалса, көбіміз көзімізді төмен салып, ұялатынымыз шындық. Дәрет қысқанда патша жаяу баратын орынды таппай қаланы шарлап кететіміз де өтірік емес. Балқашта аяқасты қысыла қалсаң, баратын жер жоқтың қасы. Жеке дүкен, сауда орындары кіргізбейді, кафе-ресторандар ас ішіп, аяқ босатқандарға ғана қызмет ұсынады. Осы орайда қоғамдық дәретхана неге аз деген заңды сауал туындайды. 80 мың халық бар Балқаш шаһарында қоғамдық дәретхана жеткіліксіз десек, жалған болар. Қаланы білетіндерге ештеңе емес, өзге өңірден тіпті, басқа мемлекеттен келген адам қысылса, қайтпек?

Бүгінде туристер үшін тартым-



ды қала Балқаш көлінің жағасында орнатылған қоғамдық дәретханалардың есігі тарс жабық. Қомақты қаржыға салынған М.Хамзин атындағы мәдениет сарайының жанындағы және көл жағалауына жақын орналасқан дәретхана әлі күнге дейін жұмыс істемей тұр. Қазір балқаштықтар мен қала қонақтары намысты қойып, жағалаудағы қамысты жағалап жүргендігін айтады.

Балқашта био-дәретханалар жетіспейді. Және көз тартатын әрі қымбат дәретхана орнатқанмен, ондағы гигиеналық талаптарды сақтама ігі. Әдемілігінде де, бағасында да емес, оларды тазалап тұратын қызметтің дұрыс болғаны абзал. Жақында Балқаш қаласында Нау-

дәретханалардың жұмыс жасамай тұрғандығын Балқаш қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушы көлігі және автотөлік жолдары бөлімі басшысының міндетін атқарушы Нұрболат Бөлеген былайша жеткізді.

Екі жыл бұрын салынған дәретханаларға былтырғы жылы құжат жасаумен уақытымыз кетті. Қазіргі таңда құжаттар дайын. Техникалық құжаттарын да алдық. Біз оған қаржы қарастырмай белгілі бір мақсаты бар Балқаш қаласының кәсіпкерлеріне беруді жоспарлап отырмыз. Сәуір айында ол жұмыс жүзеге асады. Бизнесстерін жүргізіп, дәретханалардың қызметін жандандырамын деген кәсіпкерлерге қоғамдық дәретханаларды беруге әзірміз, – дейді басшы міндетін атқарушы.

Қалалықтардың айтуынша, біздің елде қоғамдық дәретханалар дауы ешқашан басылмайтын секілді. «Сен салар да, мен салар, атқа жемді кім салар?» деп уақыт озып барады. Ал, жұрт болса, түзге қайда отырырын білмей жүгіріп, жар жағалап жүр. Дәретхананың әлегі өткені соншалық, 2002 жылы жыл сайын дүниежүзілік дәретхана күнін атап өтуге шешім қабылданған екен. Балқаш қаласында да мәселенің мән-жайына қанығып, дәретхананың әлегіне тоқтау қою кез жеткен сияқты.

БАЛҚАШ

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАНДАР!

2023 жылдың II жартыжылдығына арналған "Ortalyq Qazaqstan" облыстық газетіне жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуы "Қазпошта" АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ редакцияда ресімдеуге болады.

Тарифтер:

Санаты	Мерзімі	"Қазпошта" АҚ каталогы бойынша Қала	"Қазпошта" АҚ каталогы бойынша АУДАН / АУЫЛ
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға	5848,50 тг	5919,00 тг
Жеке жазылушылар үшін	6 айға	3100,50 тг	3111,00 тг

Қарағанды қ. Ермеков к. № 33, 8 қабат, 88 каб.

Анықтама телефондары:
Рүстем - 8-775-482-22-02
Ботагөз - 8-778-846-00-01
Нұрсұлтан - 8-705-902-04-05
Т: 43-57-89
E-mail: ottdel.pochtovyy@bk.ru

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМДАРЫ:

• EUR/KZT 491.23

• USD/KZT 449.39

• RUB/KZT 5.66

• CNY/KZT 65.34

Қазақстан Ұлттық Банкінің 3 сәуір, 2023 жылғы дерегі бойынша

Кәсіпкердің қоғамға берері көп

Быттыр көмірлі өлке климаты бизнеске қолайлы өңірлер рейтингінде үздік бестікке енді. Республикалық рейтинг бизнес-ті құру және жүргізу жеңілдіктеріне қатысты сауалнама мен статистика мәліметтеріне сәйкес түзілді. Ал, Ақтоғай, Бұқар жырау және Осакаров аудандары Қазақстандағы екі жүз аудан қамтылған тізімнің алғашқы ондығынан ойып тұрып орын алды. Аталған деректер облыстағы шағын және орта бизнестің ахуалын көрсетсе керек...

«Кәсіпкердің» көмегі

Кәсіпкерлерді қолдауда ұлттық жобадан басқа да тетіктер тиімділігін танытуда. Мәселен, облыс орталығы мен монокалалар үшін «Кәсіпкер» өңірлік бағдар-

ауысқан жобалар қаржысы да бар. Қазір төрт жоба мақұлданды. Төртеуінің құны 146,5 млн. теңгені құрайды. Екінші деңгейлі банктердің қарауында 445 млн. теңгеге бағаланған тағы 11 жобаның құжаты жатыр.



Нұрқанат ҚАНАПИЯ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ұлттық жоба ырысы

Орта тап – қоғам тірегі, экономика тіреуі. Сондықтан, бұл санаттағы халық санының өсуі – елдің әлеуметтік-экономикалық әлуеті үшін ерекше маңызға ие. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сайлауды тұғырнамасында кәсіпкерлікпен айналысуда бет бұрған азаматтар қарасын көбейтуге күш салатынын атап өтті. «Шағын және орта бизнеспен қамтылғандар санының 4,7 миллион адамға дейін өсуін қамтамасыз етеміз», – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар, VIII сайланған Парламенттің бірінші сессиясының ашылуында «...шағын және орта кәсіпкерлік экономика мен еңбек нарығының қозғалуы күшіне айналуға тиіс. Бұл жөнінде көп айтылды. Бірақ аталған бағытта айтарлықтай ілгерілеу болған жоқ. Демек, экономикалық саясатқа өзгеріс енгізу қажет», – деп, Үкіметке депутаттармен бірлесіп, шағын және орта бизнесті дамытудың тиімді тәсілдерін әзірлеуді тапсырды. Және бұл мәселені өз бақылауында ұстайтынын айтты.

Жоғарыда келтірген рейтингке және кейін ұсынатын деректерге сенсек, Қарағанды аймағында кәсіпкерлік ілгері басуда. Облыстың кәсіпкерлік басқармасының мәліметінше, быттыр Қарағанды аймағында шағын және орта кәсіпкерлік нысаны айтарлықтай көбейді. 14,9 пайызға өсіп, 93 мыңға жетті. Бұл өсім облыстың барлық аудан-қалаларында байқалды. Тиісінше, салада еңбек ететін жандардың да саны артты. Яғни, мұндағы қызметкерлер 225,7 мыңды (өсім – 5,4 пайыз) енсерді. Нәтижесінде, қазір жұмыспен қамтылған облыс тұрғындарының 40 пайызы бизнестен напақа тауып отыр.

Өрине, бұл тұрғыда мемлекет қолдауды да айтарлықтай септігін тигізуде.

– Қолдау механизмдері 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде іске асырылауда. Быттыр жоба аясында қаржылық қолдауға 16,5 млрд. теңге бөлінді. Нақтыласақ, кредит сомасы 55



Быттыр облыс әкімінің грантына 50 жас кәсіпкер ие болды. Әр грант сомасы – 2 млн. теңге. Қалалар мен аудандар әкімдерінің 130 гранты тапсырылды. Ал, ұлттық жоба шеңберінде жаңа бизнес-идеялар әрқайсының құны 400 АЕК болатын 280 грант берілді.

млрд. теңгеден асатын 5 мыңнан астам шағын және орта бизнес жобасы қаржыландырылды. Оның ішінде, 42 млрд. теңге кредит сомасына 3 мың жоба субсидияланды. 9,7 млрд. теңге 906 жобаның кепілдігіне жұмсалды. Сондай-ақ, жалпы құны 900 млн. теңге болатын 719 грант пен 2,6 млрд. теңгеге 373 шағын несие берілді, – дейді облыстың кәсіпкерлік басқармасының басшысы Нұрлан Әлімжанов.

Өткен жылдың қаңтар-қыркүйегінде салада өндірілген өнім мен көрсетілген қызмет көлемі 1,7 трлн. теңгені межеледі. Өсім – 14,5 пайыз.

Быыл да жоба аясындағы жұмыстар жалғасады. Жергілікті бюджет есебінен – 2 млрд. теңге, республикалық қазынадан 12 млрд. теңге қарастырылды. 28 ақпандағы ақпаратқа сүйенсек, жыл басынан бері несие сомасы 3,2 млрд. теңге болатын 12 жобаға қаржылық қолдау көрсетілді.

Мұнда өңдеу өнеркәсібіндегі жобалар саны басым. Бұл бағытта алты жоба бар. Сондай-ақ, білім беру саласында – екі, құрылыс, жылжымайтын мүлік операциясы, көлік және сақтау, өмір сүру және тамақтандыру салалары бойынша бір-бір жобадан қамтылды.

Мәселен, «Грандиз» ЖШС-нің Қарағанды қаласында ашылған «Panda Activity Park» ойын-сауық паркі жобасы мемлекет тарапынан субсидияланып, кепілдендірілді. Балаларға арналған парк аумағы 600 шаршы метрден асады.

ламасы әзірленді. Монокалаларда көп жерде кездесе бермейтін кәсіпорындар орын тепкенін ескерсек, бағдарлама экспорттық әлеуетті арттыруға, импорттық алмастыруға елеулі ықпал етуде.

Бағдарлама быттыр желтоқсанда іске қосылды. Ең қомақты қарыз сомасы – 50 млн. теңге. Номиналды сыйақы мөлшерлемесі – 5 пайыз. Кепілге қоятын мүлік құны төмен болса, «Даму» қоры несие сомасының 85 пайызына кепіл болады.

Бағдарламаға енген жобалар облыстық бюджет пен «Даму» қоры тарапынан тең қаржыландырылады. Быттыр 500 млн. теңге бағытталды. Құны 111 млн. теңге болатын үш жоба қолдау тапты. Бұл жобалар спорт және сән индустриясына қатысты.

Сондай-ақ, «Кәсіпкер» арқылы Қарағандыда екі фитнес клубы ашылды.

Бүгінде бағдарламаның кредиттік портфелін үш есе ұлғайтып, жаңа бизнес бастамаларға арналған гранттық қаржыландыруды бес есе өсіру жоспарлануда.

Быыл 1,5 млрд. теңге бөлінді. Мұның ішінде өткен жылдан

Бизнес жүргізуге ақшадан бөлек, білім мен білік міндетті түрде керек. Бұл тұрғыда облыстың кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлерге көмекке келді. Палата мамандары кеңес беріп, құжаттарын реттеуге жәрдем беруде.

– Быттыр кәсіпкерлікті қолға алуға ниет еткен 1200-ден астам адамға тегін сервистік қызмет көрсеттік. Оның ішінде, 520 адам өз бизнесін ашты. Палатаның қалалар мен аудандардағы филиалдары жанындағы кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарында 11 мыңнан астам жаңа ақпарат берілді. Сондай-ақ, қыркүйек айында жүз адамның қатысуымен бақылау-қадағалау органдарының жыл сайынғы бірыңғай есеп беру күнін ұйымдастырдық, – дейді облыстың кәсіпкерлер палатасының қаржылай емес қолдау бөлімінің басшысы Меруерт Қасымова.

Туризм – табыс көзі

Туризмнің облыс экономикасындағы ролі ерекше. Істің ыңғайын тапса, қазынаға қыруар қаржы құятын осы сала болмақ.

Қарағанды аймағына отандық

кәсіпкерлермен қатар, шетелдік инвесторлар қызығушылығы басым. Быттыр өңірге 2,4 млрд. теңге инвестиция әкелген 15 жоба іске асты. Қарқаралы ауданында үш демалыс аймағы ашылды. Қарағандыда «Capital» жатақханасы мен «Сарай Ділда» мейрамхана-қонақ үй кешенінің құрылысы аяқталды.

Быыл да жаңа нысандар есебінен қосымша жұмыс орындары ашылмақ.

– Үстіміздегі жылы 12,8 млрд. теңге жеке инвестиция есебінен сауда, туризм және қызмет көрсету саласында 170 жаңа нысан ашу жоспарлануда. 1,3 мыңнан астам жұмыс орны құрылады, – дейді облыстың кәсіпкерлік басқармасының басшысы Нұрлан Әлімжанов.

Саланы өркендетудегі көп проблеманың бірі – санитарлық-гигиеналық тораптардың жоқтығы екені мәлім. Бүгінде кәсіпкерлерді ынталандыру үшін тораптарды субсидиялау ісі қолға алынды. Мәселен, Осакаров және Бұқар жырау аудандарындағы үш санитарлық-гигиеналық тораптарды күтіп-ұстау шығындары субсидияланды.

Сондай-ақ, саяхатқа арналған көлік құралдарын сатып алуға, туризм және жол бойындағы қызмет объектілерін салу және реконструкциялау шығындарының бір бөлігін өтеу түрінде жаңа қаржылық қолдау шаралары ұсынылмақ.

• КӘСІБІ-НӘСІБІ

Марияның жантану кабинеті

Шахтинск қаласының тұрғыны Мария Житенева Қарағанды облысы әкімінің грант иегері атанып, психологиялық көмек кабинетін ашты.



– Бизнестің бағытын анықтауға ұзақ уақыт жұмсаған жоқпын. Өйткені, мен алты жылдан бері Шахтинск қаласының № 7 жалпы білім беретін мектебінде педагог-психолог болып жұмыс істеймін. Қазіргі уақытта психологтардың қызметтері зор сұранысқа ие бола бастады. Білуімше, біздің қалада халыққа психологиялық көмек көрсету кабинеті жоқ. Сондықтан осы олқылықтың орнын толтыру қажет деп топшыладым, – дейді Мария.

Жас маман нәзік жандар кәсіпкерлігін дамытуға гранттар алу шарттарын біліп, мүмкіндікті пайдалану керек деп шешкен.

Кабинеттің негізгі қызметіне ересектерге, жасөспірімдерге және балаларға жеке консультациялар, отбасылық кеңес беру, балаларды мектепке даярлау сабақтары, семинарлар, тренингтер және шеберлік сыныптары кіреді.

– Алдымен Қарағанды облысы әкімінің грантына құжаттар тапсырдым. Ұйымдастыру тәртібі маған ұнады. ZOOM платформасында жобаны қорғаудан бастап тегін оқуға дейінгі шаралардың барлығына қатыстым. Мемлекеттің қолдауының арқасында бизнес-идеямды іске асыру оңай әрі жылдам болды. Сөйтіп, өткен жылдың желтоқсан айында мен 2 миллион теңгеге грант ұтып алдым. Сол қаражатқа үш айдан кейін жайлы әрі толық жабдықталған психологиялық көмек кабинетін аштым. Өзірге мен онда жалғыз жұмыс атқарамын. Болашақта әріптестер тобын жинауды жоспарлап отырмын. Уақыт өте келе менде тек кабинет емес, психологиялық көмек орталығы болады деп үміттенемін, – деді кәсіпкер қуанышын жасырмай.

Өз тілшімізден
ШАХТИНСК

• БРИФИНГ

Мыс зауытының экожауапкершілігі

1938 жылғы 24 қараша – Қазақстан металлургия саласы тарихына алтын әріппен жазылған күн. Бұл күні Балқаш мыс балқыту зауытында алғаш рет тазартылған мыс алынған. «Көріксіз соққан күмістен, келісті соққан мыс артық» демекші ғасырға жуық тарихы бар іргелі кәсіпорынның бүгінгі жайына Қарағанды облысы бойынша экология департаменті басшысының міндетін атқарушы Дархан Исжанов Аймақтық коммуникациялар қызметінің алаңында тоқталды.

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»


Қазір «Қазакмыс Сметлинг» ЖШС деп аталатын Балқаш мыс балқыту зауыты Балқаш қаласы мен жалпы облыстың ірі өнеркәсіптік нысанының бірі. Кәсіпорынның негізгі қызметі – катодты мыс өндірісі. Быттыр өндіріс ошағы – 185,145 мың тонна мыс өндірілді. Зауыт құрамына шихта дайындау, мыс балқыту, күкірт қышқылы цехтары сынды негізгі бөлімшелер кіреді.

Токсан жылға жуық уақыт ішінде зауыт өрлеу кезеңінен де, құлау кезеңінен де өтті. 90 жылдарға дөп келген өнеркәсіптің жалпыға бірдей құлдырау кезеңінде де біршама қиындықтарды бастан кешірді. Бірақ Балқаш металлургиясы тұрлі сынақтардан сүрінбей өтіп, бірегей өндірісті сақтап қала алды.

Балқаш мыс балқыту зауытының «отты сынағынан» Қазақстандағы бүтін бір металлургия саласы, сонымен бірге зауыттың дамуы мен қалыптасуында елеулі рөл атқарған жұмысшылардан, инженерлік-техникалық қызметкерлерден, басшылардан құралған кәнігі мамандар мен ардагер металлургияшылары қалыптасты.

Әлбетте, зауыт өзінің қызметі барысында жергілікті халықты жұмыспен қамтамасыз етіп қана қоймай, қоршаған ортаға айтарлықтай зиян шектіретіні де түсінікті. Мәселен, зиянды қалдықтар мөлшері 2020 жылы 73,2 мың, 2021 жылы 55,6 мың, 2022 жылы шығарындылар 57,7 мың тоннаны құраған. Байқап отырсақ, жыл сайын кемігені аңғарылады. Кәсіпорын айналаға тигізген зиян-зардап үшін тиісті төлемдер төлейді. Атап айтсақ, 2020 жылға – 3,3 млрд., 2021 жылға – 2,9 млрд., 2022 жылға төлемдер – 2,4 млрд.теңгені құрап келді. Кәсіпорынның 2025 жылға дейінгі экологиялық рұқсаты бар, онда 61,1 мың тонна көлемінде шығарындылар шегі бекітілген.

Ендігі мақсат – рұқсат беру шеңберінде іс-шаралар жоспарын келісу. Аталған іс-шара Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы №731 қаулысымен «Жасыл Қазақстан» Ұлттық жоспарында да көрсетілгенін атап өту қажет. Аталған іс-қимыл құжаттың зиянды шығарындыларды азайту мақсатында жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеп, 2025 жылға қарай күкірт қышқылы цехының екінші тізбегін салу жөніндегі іс-шаралар көзделді. Бұл күкірт



диоксиді шығарындыларын 35 000 тоннаға дейін төмендетуге септігін тигізеді. Тұтастай алғанда, Балқаш қаласының экологиясын едәуір жақсартуға ықпал етеді. Міндетті мінсіз атқару жолында кәсіпорын 70,3 млрд. теңге сомасында қаражат қарастырды.

Жалпы бұл бағытта қазіргі уақытта салынар нысандарды орналастырудың жобасы даярланды. Негізгі технологиялық жабдықтар мен қосалқы объектілердің алдын ала орналасу сызбалары әзірленді. Заманауи өндірістің технологиялық жолдары пысықталып, үш өлшемді қызмет моделі жасакталды. Айта кету керек, кәсіпорында бірқатар шаң-газ тазарту жабдықтары бар. Мысал үшін, шығарындылар көздеріне циклондар, скрубберлер, арнайы сүзгілер

орнатылған. Тұтастай алғанда, кәсіпорын іс-шаралар жоспары шеңберінде жыл сайын қолданыстағы шаң-газ тазарту қондырғыларын тазарту дәрежесін қолдауға, қалдықтарды уақытылы шығаруға, шығарындыларды бақылауға бағытталған іс-шараларды тиянақты орындайды. Мәселен, соңғы 5 жылда осы бағытта 3,2 млрд. теңге игерілді.

– Мұнымен бірге, кәсіпорын бастамашылық негізде әртүрлі экологиялық акцияларға қатысады. Нақтыласақ, быттыр өндіріс ошағының өкілдері балық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының Балқаштағы филиалымен бірлесіп, Балқаш көлінің балық шаруашылығы учаскелерін дамытудың шарттық міндеттемелері мен жоспарларын орындау мақсатында «Бертіс»

шығанағына балық жіберу іс-шарасын сәтті жүргізген еді, – деді спикер.

Зауытқа қатысты Қарағанды облысы бойынша экология департаментінің экологиялық заңнаманың сақталуына жүргізілген тексеріс нәтижелерінде тәртіп бұзушылық та жоқ емес. 2022 жылы кәсіпорынға қатысты профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша бірқатар тәртіп бұзушылықтар орын алған. Шихта даярлау цехының технологиялық және шаң тазалау жабдықтарын көзбен шолып тексеру барысында кептіру барабандарының артында орнатылған топтық циклондарын пайдалану талаптары мен қағидаларын бұзу анықталды. Мыс балқыту цехындағы пештер маңында орнатылған шаң тазалау жабдықтарын пайдалану қағидалары бұзылған. Циклондар корпусының герметикалығы талапқа сай болмай шыққан. Конвертер артында орнатылған шаң-газ тазарту жабдықтарын пайдалану қағидалары бұзылған. Департамент зертханасы жүргізген аспаптық өлшеулер нәтижелері бойынша зиянды шығарындылардың белгіленген шектен асу жағдайы анықталды. Кәсіпорын тарапына орын алған жағдайды түзету бойынша тиісті нұсқама жолданды. Жалпы сомасы 4,5 млн. теңгеге 3 әкімшілік айыппұл салынып, толық көлемде өндірілді.

Қорытындылай келгенде кәсіпорынның барлық технологиялық жабдықтарының техникалық тозуы көзі қарақты жаңа көрініп-ақ тұр. Айта кету керек, 2021 жылғы Қазақстан Республикасы жаңа Экологиялық кодексі шеңберінде ірі кәсіпорындар оның ішінде Балқаш мыс балқыту зауыты 2025 жылдан бастап міндетті түрде ең үздік қолжетімді технологияларды енгізуді көздейтін кешенді экологиялық рұқсат алуы тиіс. Оны алдағы уақыт көрсетеді...

• БІЗДІҢ СҰХБАТ

Дәуренбек ӘРКЕНОВ:

Ән салсам жан сарайым ашылады

Арқа ән мектебінің белді өкілі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәуренбек Әрқенов 9 сәуір күні Кеңшілер мәдениет сарайында «Ән өлкесі – Сарыарқа» атты жеке шығармашылық кешін өткізбек. Тек Арқа өңірін ғана емес, қазақтың кең даласын әнімен әділпел келе жатқан талантты әншімен кеш алдында жолығып, дәстүрлі әннің өрісі жайында сұхбаттасқан едік.

– Төлеген Айбергенов «Ақын боп өмір кешіру оңай деймісің, қарағым, Аузында болу бұл өзі сыздаған барлық жараның» дейді. Ал, әнші боп өмір кешудің салмағы қандай?

– Адам нағыз талант болса, әнді шын сүйсе, әншілік қанында болса, білімін жан-жақты шындаса әнші болу қиынға соқпайды. Соңдықтан маңдайыма әнші болуды жазған Алла Тағалаға шексіз ризамын. Дәстүрлі ән айту, халық әндерін жаңғырту еш қиын емес, керісінше ән айтылған шығармашылық ләззат аламын. Ән салсам жан сарайым ашылады.

– Дәстүрлі ән деп атау дұрыс емес, ол қазақ халқының классикалық әні, солай айтылуы керек деген пікірлер бар. Оған қалай қарайсыз?

– Дәстүрлі ән деген «Традиционное пение» деген сөзден шығып, қалыптасып кеткен ғой. Филармонияда ежелден «Традиционное пение» деген бөлім жұмыс істейді. Бұл пікірдің төркіні – ұлтқа тән музыкалық қуаттың ауқымын тарылтып тұр, Ақан сері, Біржан сал, т.б. композиторлардың әндері классикалық әндермен тең деген ойдан тұса керек. Қазақ халқында бұрын опера болмаған. Десе де, классикалық ән дегенде ойға бірден операмен айтылатын ән келеді. Дәстүрлі ән десе ұлттық киім, таным-түсініктен бөлек қазақ халқына тән музыкалық бояу мен мұндайды. Демек, дәстүрлі ән дегенге құлақ әбден үйренді, арақиді халық әндері деп те аталады. Өзіңізге белгілі, дәстүрлі әнде бірнеше мектеп бар ғой, кейінгі жылдары бесінші мектеп ресми атала бастады. Шығыс мектебіне Тарбағатай, Өсет, Абай әндері кіреді. Ел құлағы үйренген ұғымын бөлек, қазақтың классикалық әні деп атап кету қиынға соғады деп ойлаймын. Бірақ біздің Ақан сері, Біржан сал, тағы басқа халық композиторларының әндері Италияның операларына диапазон қуаты жағынан артық болмаса, кем түспейді.

– Бір сөзіңізде Кенес Әзірбаевтың, Манарбек Ержановтың, басқа да халық композиторларының тамаша әндері Кенес өкіметінің идеологиясына сай сөзге жазылған сон, танылмай қалды деген едіңіз. Ол әндерді сақтаудың, ұрпаққа жеткізудің қандай тәсілі бар деп ойлайсыз?

– Енді ол кезеңде әндердің көбі шахтерлерге, жұмысшыларға, еңбеккерлерге, партияға арналып, сол кездегі идеология талабына сай жазылғаны рас. Әні ғажап, бірақ сөзі бүгінге сай емес. Кеше ғана Ұлытау облысының Жойрм кентінде Манарбек Ержанов атындағы «Сайра бұлбұл» атты тұңғыш республикалық конкурсы өтті. Көптеген талантты балаларды көріп шексіз риза боп келдік. Сол байқауда Манарбек Ержановтың Кенес өкіметі тұсында жазылған әндері сөзінің бірді-екілі тұсы сәл өзгертіліп айтылды. Бірақ ондай әндерді түбегейлі басқа сөзбен алмастыру орынсыз. Өйткені ол – тарихтың бір беті.

– Әнге обал емес пе?

– Әнге обал болатыны рас. Десе те, сол күйінде тарих боп қалады. Ондай әндерді халыққа жеткізудің бір жолы, меніңше осындай конкурстар. Осындай атаулы конкурстарда тарихта қалған әндер жарыққа шығып, халыққа жетеді. Мысалы, Манекеннің «Жұмысшылар» деген әнінде «Жалтақ, жалқау, жексұрын оларға орын бермейміз, социалдық жарыста» деген сөздер бар. Залда отырғандардың ішіндегі Кеңес дәуірін білетін жандар күліп жатты, әрине. Бүгінгі ұрпақ қабылдай қояр ма, ол жағы беймәлім...

– Қазақ классикалық әндерінің әрқайсысының туу тарихы бар десек артық айтпаймыз. Десе де, қазір конкурстарда әннің тарихын айту әдеби қалып барады. Репертуарыңыздағы әндердің тарихы жайында ойлағанда қазақ дүниетанымының қандай ерекшелігін танысыз?

– Дәстүрлі әнде біздің тіліміздің мәйегі, атбегілік дәстүрі, таным-түсінігі, дүниетанымы айқын аңғарылып тұр. Ақанның әндерін алсақ «Қыран құс», «Құлагер», «Көк жендет», «Қараторғай» барлығында дерлік қазақтың өмір сүру салты жатыр. Сонысымен ерекше, сонысымен құнды. Төрт түлік малды танып, табиғаттың, тау-тастың қыр-сырын біліп өскен балаларға халық әндерін үйрену, оның пірімдеріне бойлау қиынға соқпайды. Ал төрт түлікті көрмеген, тау-тасты кезбеген қала балалары дәстүрлі әндегі сөздің кілтің, әннің образын аша алмай қалады. Сол себепті ауылдың керегесін кеңейтіп, дамыту керек. Қазақ ауылдан жырақтаған сайын

қазақтығынан алыстайды.

– Балқаштағы «Сарыарқа» ұлттық-фольклорлық ансамблінде концертмейстер, көркемдік жетекші болған екенсіз. Қазір де жиі ел аралайсыз. Аудандардағы мәдениет ошақтарының жай-күйін қалай бағалайсыз?

– Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестікте 2006 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатырмын. Алғаш «Арай» ансамбліне қабылданып, кейін ансамблдің көркемдік жетекшісі болдым, бүгінгі таңда дәстүрлі әншілердің көркемдік жетекшісімін. Маған белгіленіп берілген концерттік жобалар бар. Жуырда сондай жобаның бірі «Ән-керуен» аясында концерттік номерге жергілікті сазгерлердің әндерін қосып, Ақтоғайға концерт қойып келдік. Жанды дауыста өткен концертті ауыл халқы керемет қабылдады. Біз ол жаққа қобыз, үш ішекті домбыра, сазсырнай апардық. Бала күнімізде Мәдениет Ешекеев, Манарбек Ержанов аталарымыз Алматыдан шығып ауыл-ауылды аралаған ғой. Ал, қазір Алматыдан келген әртістердің бәрі қолына флешка ұстап келеді. Жанды дауыста айтылмаған әнге халық тұшынбайды. Мәселен, Жәйремдегі конкурста зал толы болды, халық екі күн тапжылмай қазылармен бірге өнерпаздарды тыңдап отырды. Өйткені, дәстүрлі ән біздің қанымызда бар, адам да өсімдік секілді өзінің түп-тамырынан қуат алады.

Қазір, Аллаға шүкір, бұрынғыдай шаң басып қалған Мәдениет үйлері жоқ. Барлық жерде аспаптар мен жабдықтар жаңартылған, қызметкерлерге де жағдай жасалып жатыр.

– Біздің газетке руханият жанашыры Нұрлан Дулатбековтің мақаласы шығып, автор Тәттімбет колледжине академиялық мәртебе, концерттік бірлестікке жаңа ғимарат берілсе деген ұсыныстарың айтты. Арқа ән өнерінің белді өкілі ретінде бұл ұсынысқа қалай қарайсыз?

– Ол кісінің ойын Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестікте жұмыс істеп келе жатқан бізге дейінгі үлкендер де, бізден кейінгі жастар да, қатарлас әріптестер де толық құптағайды. Бәріміздің армандап отырғанымыз – жаңа ғимарат. Концерттік бірлестікте үш оркестр, көптеген шағын ұжым, бірнеше бишілер тобы бар. Оның барлығы бір жерде отыратындай үлкен бір мәдениет ошағы болса деп армандап келе жатқанымызға талай жылдың жүзі болды...

– Арқаға ғана емес бүкіл Қазақстанға танымал домбыра жасаушы шебер Аман Сәдуақасов та біздің басылымға жарияланған мақалада Қарағанды өңірінде домбыра жасайтын



пех ашу керек деген мәселе көтерді...

– Бұл жақта домбыраны кәсіби түрде жасайтын тек Аман аға ғана. Мұндағы ансамбльдерге аспаптарды Алматыдан алдыратынымыз рас. Менің домбырамды да Аман аға жасаған. Ол кісіге 1995 жылдан бері домбыра жасатып келе жатырмын. Аман ағаның сөзінің жаны бар.

– Шәкірт тәрбиелейсіз, өзіңіз де ұстаздан тәлім алдыңыз. Дәстүрлі әндегі ұрпақ сабақтастығы қалай жүріп жатыр?

– Қазір Құдайға шүкір, дәстүрлі ән қанатын кенге жайды. Бағдыдай емес, қазір барлық өнер мектептерінен домбыра мен дәстүрлі ән сыныбы ашылды, ауыл-ауылда да бар. Қарағандының барлық аймағында дерлік дәстүрлі ән сыныбы ашылды. Оған Құрманғазы атындағы консерваторияны, Астанадағы «Шабыт» университетін бітіріп, дәріс беруге келіп жатқан мамандар да бар. Жуырда ғана Саран қаласына дәстүрлі ән бойынша балалар арасында өткен байқауға қазылық еттік, 90 бала қатысты. Таяуда Кеңшілер мәдениет сарайы Ақан серінің 180 жылдығына балалар мен ересектер арасында конкурсы ұйымдастырып жатыр. Сондай байқауларға жиі барамыз. Ең аз дегенде 30-40 баладан қатысады. Ата-аналар да қазір сергек, балаларын ұлттық аспаптарға, дәстүрлі әнге береді. Жеке хабарласып, «Балам сізден сабақ алса?», дейтін ата-аналар көп. Келіп дайындалатындар бар. Бұйырған уақытты балаларға арнап,

білгенімді үйретуге тырысамын.

– Болашағынан үміт күтетін шәкірттеріңізден кімдері атар едіңіз?

– Талапты, талантты шәкірттерім баршылық. Мысалы, кеше ғана Манарбек Ержанов атындағы «Сайра бұлбұл» атты байқауда бірінші орын алған Нұрболат Ұзақбаев – төл шәкіртім. Быыл Алматыдағы Құрманғазы атындағы Қазақ Ұлттық консерваториясын Амангелді Күзембайдың сыныбынан бітіреді. Ол осы жақта Тәттімбет атындағы колледжде оқып жүргенде де республикалық конкурстардан жүлделер алып жүрген.

– Бұл концертіңізде тек өз әндеріңіз орындалады екен. Жеке шығармашылық кеш етіп өткізудегі себеп қандай?

– Туған жерге, ауылға, ата-анаға, балалық шаққа, бозбала кезге деген сағыныштан туған әндердің саны 10-нан асып қалған екен. Сол әндердің барлығы бірінші рет қатар орындалғалы отыр. Өнердегі әріптестерім бір-бір әннен орындайды, дайындық жаман емес, «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі, Тәттімбет атындағы Өнер колледжінде ұстаздық ететін Азат Әбдіғалым, Шыңғыс Сәрсенбай есімді бауырларымыз қатысады. Сонымен қатар, өзіміздің Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің әншілері де өнер көрсетеді.

– Әннің сөзін қалай таңдайсыз? Ерекше талғаммен қарайсыз ба?

– Жалпы композитор болайын, сөзге арнап ән жазайын деп ойлаған емеспін. Өнер адамының түрлі жағдайдан алған әсері, туған ойы музыка арқылы сыртқа шығады. Балқашта 11 жыл тұрдым, жастық шағым, отау құрған кезім сол шағын қалада өтті. Білім алдым, дос таптым, өнерге біржола бет бұрдым. Ал, Балқаштан Қарағандыға көшіп келгеннен кейін Балқаштағы кездерімді сағындым. Бұл жақта шыны керек алғаш мені ешкім құшақ жая қарсы алған жоқ қой. Кеудемді сағыншы кернейді, туған жерге деген аңсар ерекше. Бір күні үйдігі кітаптарды оқып отырып, Жанболат Башар ағамыздың кітабын аша қалсам, «Балқашым – байтағым» деген өлең оқырғасыз кетті.

«Шалқиды төсің айдынды
Толқындар тулар айбынды
Сағынып жүрмен қашанда
Төсіңде жүрген ай-күнді», – деген жыр жолдары маған сұмдық әсер етті. Сағыныш шоғын үрлегендей ыңылдап ән жаза бастадым. Ол дағдыға айналып, газет-журналдардағы, кітаптардағы өлеңдерді жиі оқитын болдым, өлең сөзі әсер етсе ән жазылатын болды. Қойлыбай Асан ағамыздың

«Сарылып сары белден ән салайын,
Ән салсам ашылардай жан сарайым.
Бозторғай бебеу қаққан бозбеткейге
Бозала таңда тұрып қарсы алайын», – деген өлең жолдарынан ауылда бозала таңда тұрып қойды өрістеткеніміз, әкеміздің сол кездегі тіршілігі көз алдыма келді. Одан кейін анама, әкеме, өнердегі ұстазымыз Мейірхан Адамбеков ағамызға арнап ән шығардым. Әр әннің осындай туу себептері бар.

– Сұхбат бергеніңізге рақмет. Шығармашылық кешіңіз сәтті өтсін!

• БӘРЕКЕЛДІ!

«Аңыз» бишілері топ жарды

Қарқаралық «Аңыз» үлгілі хореографиялық ансамблі киелі Түркістан жерінде өткен Zhuldyz art Kazakhstan халықаралық байқауында Гран-при мен жүлделі бірінші орынды иеленді. 1000-ға жуық өнер өрендері қатысқан байқауда қара үзген хореографиялық ансамбльдің орта және жоғарғы топ бишілері Түркия, Египет, Өзбекстан, Қырғызстан және Грузиядағы халықаралық байқауларға тегін қатысу мүмкіндігіне ие болды.

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Байқау жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Оңтүстіктің халқы да қонақжай, жайдары екен. Әділқазылары да әр қатысушының өнерін лайықты бағалап отырды. Көне шаһар балаларға ұнады. Байқауға қатысуға барғандардың арасында осалы жоқ. Мықты қарсыластар болды. Дегенмен, биші қыздардың ерінбей еңбектенгенінің арқасында зор жетістікке жетіп отырмыз. Ансамбль мүшелерінің бар шығынын көтеріп, балаларына қолдау білдірген ата-аналарына алғысым зор. Біздің еңбегімізді бағалап, облыс орталығынан күтіп алуға аудан әкімі қолдау білдірді. Сонау тарихи қалада қасиетті Қарқаралық мөртебесін көтеріп, елдің мерейін үстем еткен еңбегімізді бағалағаны үшін Ерлан Бейсембайұлына ризашылығымызды білдіреміз,– дейді хореограф Ләйла Төлеуқызы.

Байқауда «Аңыз» үлгілі хореографиялық ансамблінің бишілері «Өрнек» және «Наурыз думан» билерін ұсынды.

– Осы байқауға қатысып, біз жақсылық, жылулық пен достық атмосферасын сезіндік. Көптеген би топтарын, әдемі билерді көрдік, әрине, өз шеберлігіміз бен таланттарымызды көрсеттік. Конкурста қатысуға шығармашылық ләззатқа бөлек, одан әрі даму үшін қуат алдық,– дейді ансамбль мүшесі Инжу Тәңірберген.

Ансамбльдің тарихы теренде. Облыстық, республикалық, халықаралық би сайыстарында биік белестерді бағындырып, аудан абыройын асқатқатып жүр. Киелі сахнада өнер көрсетіп жүрген 33 жылдың ішінде жүздеген жүйріктер қатарынан орын алып жүр. Бұл ансамбльдің 150-ден астам түлегі мен бүгінгі құрамдағы 80-ге жуық мың бұралған бишілерінің еңбегі мен таланты және хореограф, білікті маман Ләйла Іргебаеваның зор жауапкершілігінің жемісі.

• АКЦИЯ

«Уылдырық» науқаны басталды

5 сәуірден бастап Экология және табиғи ресурстар министрлігі «Уылдырық» балықорғау науқаны басталғанын хабарлайды. Бұл шара уылдырық шашу кезеңінде балық қорынын түрлерін сақтау мақсатында жыл сайын қолға алынып келеді. Акция 5 маусымға дейін жалғасады. Бұл уақытта балық аулауға тыйым салынады.



Республиканың әр облысында өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып тыйым мерзімі белгіленген.

Құзырлы мемлекеттік орган қызметкерлері тыйым салынған кезде балық аулау, балық өнімдерін заңсыз сатып алу және сату, алып жүру фактілерін анықтауға назар аударады.

Тыйымды бұзғаны үшін ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 383-бабы бойынша 10-40 АЕК көлемінде айыппұл төлеуі немесе ҚР Қылмыстық кодексінің 335-бабы бойынша үш жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылуы мүмкін.

Ішкі істер министрлігі азаматтарды табиғатқа қамқор болып, бекітілген балық аулау қағидаларын сақтап, тәртіпті бұзбауға шақырады.

Өз тілімізден

9 сәуір 15:00

85 жыл

«Шалқым»

ҚР еңбек сіңірген қайраткері
Дәуренбек Әрқеновтың
Ән өлкесі - Сарыарқа
атты жеке шығармашылық кеші

Аройым Жүкенова

Гүлмира Тарпан

Азат Әбдіғалым

Айгүл Адамбекова

Шыңғыс Сәрсенбай

Мәмет Осатай

Нұрболат Ұзақбай

Кеште «Арқа сазы» фольклорлық ансамблі, халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары өнер көрсетеді

karfilkz

ТИКЕТ • Н

41-13-14, 41-22-30

Әңгімелескен
Назым ДУТБАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Белгілі меценат Бекзат Алтынбеков – 50 жаста

Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың иегері

Бекзат

Бергі, бізбен заманы бір орыс шәйірін қыдыра шолып көріңіз: православиең түбіне бір түсіп шықпаса, Андрей Вознесенский «Исаның соңғы жеті лебізі», Юрий Кузнецов «Исаның жолы» атты жырларын

1999 жылы қолыма Валерия Порохованың «Құран. Мағынасы мен түсінігі» атты еңбегі түсіп, сондағы он шақты аятты соның «негізінде түзілген көркем ой» – деп («Төбемнен жауһар жауып тұр» деген кітап-



Мәшһүр Жүсіп Әулие Мұхаммед с.ғ.с. пайғамбардың атак-данқына тәнті боп, оны Сахарадан ат арытып іздеп барған түріктер туралы жазбасында оның «Менің үмбетімнің ең жақсысы – түркі халқы» – дегенін айтады (Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. «Шығармалар жинағы» 8-том 59-бет). Сонсоң, іле-шала ислам дінін тарату үшін оған өз уағышшыларын жіберген. Арқаға ислам дінін таратқан Таубайдан тоғыз ұл туған екен, соның біреуінің тұяғы менің анам – Халифа Рамазан (1928-2003ж.ж.). Біреуі осы – Бекзат Алтынбеков. Нағашы жұртым хақында бір шымыр дүние жазсам деген ой шешем фәниден бақиға көшкен күннен бері жанымға маза бермеген. Ел ақынның кара тырнағынан бастап, тұла бойының бәрі сезім дейді. Абайда «Алланың хикметі – махаббат, гәділет сезім» – деген бір сөз бар. Өзімше мен де ақынмын деп жүргем, бірақ, шешемнің қадір-қасиетін осы опасыз дүниеге тастап кеткен күні бір-ақ сездім. Орны үңірейіп қалған соң...

Басында сол кісіге жырлан ескірмес бір ескерткіш орнатсам деп, ұлы нағашым, Алашқа ислам дінін сіңірген Қожа Ахмет Яссауи туралы поэма жазсам деп ойлағам, жалғанның жарығына шыққан соң, өзіме де ұнамай қалды. Кейіннен жеке-жеке өлеңге айналдырып жібердім. Поэма шықпады. Ұлы нағашының образы жасалмай қалды.

Жаратушы Жасаған Жалғыз Бір Иеге имандай сеніп, бас имеген пенденен жөнді ақын шықпайды. Гете, Пушкин, Лев Толстойлардан бастап, Абайға дейінгі ақындарға қараңыз, – бәрі де дінге риясыз сенген. Содан ерекше бір күш-қуат алып, шалқар шабытқа бөленген! Жерден, пенденен келетін дүниелерден гөрі көктен, Тәңірінен келетін хабар-ошардың құдіреті ғажап! «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» – деп, хакім Абай босқа айтпаған ғой!

«Қарқаралы басында жалғыз арша, Хатқа жүйрік сол қалқа мұсылманша» демекші, біздің ішіміздегі исламның тереңіне жүзген ақын Светкали Нуржан (Айт-Ман) ғой? Маңғыстаудағы үш жүз алпыс әулиенің ілімі оның тұла бойына сіңіп кеткен! Қалғанымыз Құранның бетін ашпай-ақ, Құдай туралы «өлең» жаза береміз. Көйтіп...

Бізге қарағанда орыс ақындары Құдайға қараған: әріге ұзамай,

жаза алмас еді! Біз өзіміздің Қожа Ахмет Яссауиді де оқымай-ақ, исламды жырлай береміз ғой?! Ақын Құдайға ғана сенетін адам болуы керек. Басқа – ешкімге! Жер бетінде Тәңірінің сөзін ақыннан басқа басы жұмыр пенденің ешқайсысы да айта алмайды. Алланың Жердегі елшісі – ақын. «Знала, что он в больнице. Беспокоилась, молилась о его здравии. И хотя он не был крещён, Христа он любил», – деп жазды Игорь Шкляревский туралы ақынның ақылды бір замандасы, – «Верил, что Бог любит его. Потому в молитве я так и добавляла к прошению: Господи, исцели заблудшего раба Твоего, ещё не пришедшего к Тебе, но любящего Тебя. О любви к Богу он говорил мне не раз. Но я никогда в том и не сомневалась. Иначе как бы он мог оставаться таким глубоким лириком?!»

та тұр), шешеме оқып беріп едім, о кісінің көзі шарасынан шығып кетті: « – Балам-ау, Құранды, Құдайдың сөзін аударуға болмайды ғой?!» – дегені?!.

Шешеме И.Кречковский мен Г.Саблуковтың, В.Порохованың тәржіма кітаптарын көрсеттім. Кітап дегенді керемет кие деп ойлайтын шешемнің Құранды да тәржімалауға болатынына көзі әзер жетті...

Сол кісі дүниеден кайтқаннан кейін маған маза бермей қойған бір жыр («Нағашы жұрт») түнде – түсім, күндіз – ойымнан кетпей, ой ұшына ақындық қарымым жетпей жүрген дүнием еді. Біразы қағазға түскен, іште оған да түсіп үлгермеген эскиздер бар еді. Мұхтар Құл-Мұхаммедтің қожалар хақындағы «Асылзада» атты эссесіндегі қуғын-сүргіндегі нағашы жұрт, көресіні көріп, Қытай ауып, күні кеше ғана 90-ға келген

Аббар ата шерімді қозғап жіберді. Жырдың бірінші нұсқасы, екінші, үшінші нұсқасы да шикілеу шықты. Мен Мұқағали емеспін ғой? Ол бір-ақ мөрте жазып, оған қайта қарайламай, жүре берді екен. Тәңірі ондай көл-көсір қуатты маған бермеген. Түзеп, күзеп, шұқылап отыра берем, кемеліне келгенше. Менікі – бейнет.

Бекзатты көрсем, анам Халифа марқұмды көргендей болам! Ағылшындар мұндай адамдарды «сеффмейд-мен» дейді; ешкімге көзін сатпай, бәрін нөлден бастап, тірі жанның көмегінсіз, өзі адам болған кісі (ағл.) дегені! Бүгінде оның аты Алашқа мәшһүр, белгілі жоғар қайраткері. Азамат, меценат. Бұ жақта оның оның мейірім-шапағатына бөленбеген адам кемде-кем... «Бекзат» деген атының өзі қандай! Баласын Ақсүйек-Қаракөктің тұқымы ғана осылай атайды!

НАҒАШЫ ЖҰРТ (Мадақ жыры)

«Алланың өзі де рас, сөзі де рас» Абай Құнанбайұлы

Түркістаннан Қожа алдырып, Құранды қазақша сөйлеткен, Түркіден шыққан кемелім; Ханның қызы секілді Халифа шешем бойжеткен, Нағашы жұртым сен едің!

Құдіретін сезіп Құлайдың, Құбылаға қаратып бетімді; Ақ қағаздың алдына кеп отырғам, Алланың алдында отырғам, – Нағашы жұртым секілді!

Тасқа табынып, шоқынып... тобыр шуласа, Тәңіріге жат – ол, мұсылман маған, саған – жат;

Арабтан нұр боп Мұхаммед Пайғамбар тумаса, Түнекте лағып жүрмей ме мына адамзат?!

Жалғыз Тәңірі ием боп, Сүйемін! Кейде күйем кеп... Мұхаммедтің үмбеті, Бекзаттарға жиен боп...

Махаббат пен гәділет – Хикметі Алланың! Жанымды жасынына жаны кеп, Жаһаннамға ұшқанда жан сезбейтін салмағын.

Құрдымға сіңіп құса-мұн, Құдайдан келіп бір қуат, –

Өзіңді бетке ап, өлең боп көкке ұшайын, Шыбын жаным шырқырап!

Теріс қарап дейір заманға, Іргеден Көк Бөрі ұлып, – Алаш Алланы мойындағанда, Алдынан Абай көрініп;

Шартарапқа шарқ ұрып, Ақыры, міне, Саған кеп, – Алаш тұр жүрегі алқынып, Арсы менен гүрсіге қанат қағам деп!

Семейден өтіп, көк ала бұлттан әрі асам, Көз ұшында көрінер-көрінбес нүкте боп; Алла мен Алаш – Абайдың арасына қарасам – Мұхаммед с.ғ.с. тұр! Басқа тұк те жоқ...

Төңірім тұрса тағдырыңды таңда деп, Гүлге кондым бал жинаған арадай?! Аппақ нұрын маған төкті Алла кеп, – Аярларға қарамай!

Алладан басқа Төңірі жоқ! Сонікі – Жаһан, Жанат – бұл. Жасаған Ием ғаламға кірпігін қақпай қарап тұр!

Хабардар бергі, ол, арғыдан, Ессізді күллі елемей; Кім шығар Оның алдынан, Өзі кеп алқап, Жебемей?!

Біздерге дейін не болған? Бізден де кейін не болмақ?! – Біледі Жалғыз Өзі Оның. Алланың ақиқатымен ашылды күнде өзегім!

Қайда екен алтын тағы Оның? Қайтесің, жүргей құлы боп? Адамзат, Ғаламзатыңда Алладан асқан ұлы жоқ!

Түркістаннан Қожа алдырып, Құранды қазақша сөйлеткен, Түркіден шыққан кемелім; Ханның қызы секілді халифа шешем бойжеткен, Нағашы жұртым сен едің!

Қарамеңде, Жидебай, Жанғұттыдан тараған, Қаздауысты Қазыбектен бата алып, – Қалмақ, шүршіт шапқанда шаңырағы шалқақтамаған, – Ата Жұрт!

Біреудің болып боданы, Сайын далада сандалған; Ақсұңқар мен халифа, – Адамзаттың асылы еді о дағы, Олар да өтті-ау, осынау опасыз жалғаннан.

Айласы қалмай, амалы, Баспақ боп өткен басына төніп кара бұлт; Өлхамдұллага тілін келтірмей заманы, Өлихан туған топырақтан жаралып!

О, сұм заман, әкем мен шешем түгілі, Он сан жұртты ондырмай алдаған, Шерімді қайдан қозғадың? Бір атадан тоғыз туса да, Бір бауырын – аштық, Біреуін – арыз... Біреуін соғыс жалғаған! Қайран да, қайран боздағым, Соныңды қалып боздадым...

Тозаққа көніп, азапқа, Өзәзілменен керіскен, Бір жұттың ұды ел ішкен; Жеті атаға жетпей қыз алмайтын қазаққа,

Жетпіс жеті атадан асырып, Мені әкеп қосқан есіл де, екі періштем!

Созсам бір қолым жетер ме менің, сандалған, Сансыратқан мын дүниенің теке-тіресі? Бір жетсе саған жетер-ау, фони жалғаннан Мен оқитұғын Құранның «Фәтиха» сүресі...

Айдай Ару – Артық туған хор қыздан, Албыраса одан бекзат тұк те жоқ; Ділінен жұпар аңқытып, Тілінен бал сорғызған, Қайын жұрт тұр көз ұшында нүкте боп...

Жаһанға сіңіп, аялдап соңын шолғанда, Жақсыда маздап тегінен қалған сөнбейді от. Кіндігімнен туған үмбетім, Күндердің күні болғанда, Нағашы жұртын аңсар ма ма екен мендей боп?

Сары уайымға салынып, Сарылар менде жағдай жоқ; Осы үш жұрттың үлдесі мен бұлдесіне малынып, Қара өлең қалды – Қарадан шыққан хандай боп...

Ерсін МҮСАБЕК, «Ortalyq Qazaqstan»

Алтын жүрек

Бекзат сол күні ерте оянған. Бойы да, ойы да – сергек. Бірақ, жылы төсектен тұрғысы жоқ. Әкесі Ғомар мен анасы Қайынжамалдың шәй үстіндегі әңгімесіне көрпеден басын шығарып, құлағын түрді. Бала жүрегі кеше кешілік бірденің сезген. Өзінен кейінгі екі бауыры Жомарт пен Қазбекті ертіп алып, әкесі төртеуі ауылдағы ағайынды аралап шыққан еді. Әкесінің барған үйде айтатын әңгімесі:

– Ертең қалаға – дәрігерге жүремің. Амандасып шыққалы келдім, – дейді. Ақсейітті ағайын: «Алла шипасын берсін!», «Бір Алла өзі жар болсын!» деп аңқылдап жатыр. Бала болса да, Бекзаттың жұдырықтай жүрегі нағашы атасы Өмірхан ақсақалдың үйіндегі әңгімеден секем алып қалған.

– Мына Нәсіпбекті аттарыңызға жазып алыңыздар. Міне – метрікесі. Құдай алдында сұрауы жоқ. Осы бала – Сіздерге аманат, – деді ғой әкесі. Аманат сөзінің батпандай салмағын сол кезде сезген алғаш рет. Ендігі таңғы әңгіменің төркіні – мынау.

– Қайкен, мен саған сенемін! Сен – мықтысың, қажырлысың! Егер, әлде қандай жағдай бола қалса, мына балалар – өзіңе аманат. Ешкімнен кем қылмай, қатарынан қалдырмай өсірерсің, – деп, тағы аманат айтып отыр. Қайынжамал болса, шыр-пыр болып:

– Оныңыз не, отағасы? Жақсы сөз айтыңыз. Әлі-ақ айығып, аттай шауып кетесіз, – деді сабырлы қалпынан айнамаған күйі. Ізі жалынға шарпылғандай болып, жүрегі езіліп отырса да, жан баласына сездірер емес.

Осыдан кейін Бекзат жата алмады. Көрпесін серпе ашып, ауыз үйге атып ұрған. Әкесінің мойнына асылған күйі кемсеңдеп қоя берді. Әкесі де он үш баланың ортаншысын көтеріп алып, еміреніп тұр.

– Бека, құлыным! Жылама! Жаман ырмын бастауға болмайды. Мен жазылып келемін де, үйге көп қонақ шақырып, той жасаймыз, – деді, өзі қиналып тұрса да, ұлына мейірімін

төгіп. Бұлардың дауысынан қалғандары оянып, түгелдей әкелеріне жабысып жатыр. Жабысып емес-ау, Алла қоштастырып жатыр. Қанша қажырлы болса да, Қомар ауырғалы уайымнан қалжырап жүрген Қайынжамал дәл осы сәтте алдағы күннің ауыр тұрмысы мен тағдырының тасыр мінезіне тастүйін болып бекініп алған еді. Сонда да, жанарының ашы жасын балаларына көрсеткісі келмеді ме, орнынан шапшаң көтеріліп, сыртқа беттеген. Далада көп аялдаған жоқ.

– Қоман, автобустың уақыты болып қалыпты ғой. Кешігіп қалармыз, қозғалайық, – деп, түнде дайындап қойған сөмкелеріне қол созды. Үрпісіп, әлі де ұйқылары аша алмай тұрған балалар да ата-анасымен бірге сыртқа беттеді. Қолдарын бұлғап, шу-шу етеді. Үйде жалғыз-ақ бесікте қаннен-қаперсіз пысылдап ұйықтап жатқан кенже баласы Айжан ғана қалыпты. Бойлары мұздаса керек, балалар дірдек қағып үйге беттеді. Бекзат қана әкесі мен анасының соңынан ұзақ қарап тұрды. Қарашаның кара суығын да елең қылар емес. Қайдан білсін, әкелері дәл қазір өздерінен мәңгіге алыстап бара жатқандарын. Қайдан білсін, алдарында бұдан да суық тағдырдың ызғары күтіп тұрғанын.

...Осылайша, қарашанырағынан өз аяғымен аттанған әке араға апта салып, қара табытпен оралды. Бекзат сол күні есейіп шыға келген.

Дархан даланың көкжиегіндегі көрмедей көз тартатын сұлу мекен Ақтоғай – бекзадалар бесігі, алыңтар мекені. Ақсоран биігіне, Қызыларай қиясына, Шатырша шатқалына, Тоқырауын жағасына ұлылық ұя салған. Иә, Арқадағы ең биік тау Ақсоран «Алаш!» деп атқа қонған Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаев сынды алыңтарыңдай айбарындай асқақтап, Шатыршадан



ексен жел Нарманбеттің шабытындай, Әсеттің әнінде әсер қалдырады. Тоқырауын толқынмен үндесіп, сыбызғыдай сырлы әуен төккен қамыс-қурағының өзі Манарбек пен Күләштің сикырлы үнін құлағына жеткізеді. Салқар Сарыарқаның салтанат-сәні де, Арқаның ажары да, тірліктің базары да – осында. Асқақ рухтың қайнары да, Алаштың айбары да – Ақтоғайда!

...Осыдан тура жарты ғасыр бұрын осы бір қасиетті топырақта шекесі торсықтай алтын айдарлы ұл дүниеге келді. Бір-бірінен сүйінші сұрасып, Ғомармен бірге қуанған ел сәуірдің сәуір сәулесіндей шуаққа құндақталған сәбиіге Бекзат деп ат қойды. Бекзада болмысын бекісінде танытқан ұлды абзал Ана Тоқырауын суына шомылдырған. Қылығы тәтті

қызыл шақаны қырқынан шығарарда қырық қасық шілде суын да тамшысына қасиет тұнған осы Тоқырауыннан көсіп алған-ды. Тоқырауын толқынындай екпінді, суындай мөлдір болсын деп ырымдаған. Топшысын Тоқырауын тұнығына малып, томағасын Шатыршаның қиясында сыпырған балапан бүгінде қызылбалақ қыранға айналды. Бәтуалы елдің батасы, ымыралы елдің ырымы қабыл болды.

Тағдыры маңдайынан сипамады. Тағдыр тауқыметімен күресіп жүріп, сағынышымен есейді. Оқуды сырттай оқып, еңбекке ерте араласты. Тоқырауынды толқынды тағдыры жағаға ысырып тастай алған жоқ. Ағысқа қарсы жүзіп, анасына қолқанат болған кешегі бала Бекзат бүгінде дана Бекзатқа айналды. Алтын бесік Ақтоғай-

дан тамыр тартатын тарпаң тағдыры ұлы бесік Ұлытауда із қалдырды. Қазыналы Қарағандының қазанында қайнап, бабаның сақилық салты мен заманның саясат талабының екі тізгіні, бір шыбырын тең ұстады. Ақтоғай аудандық «Арқа еңбеккері» газетінде төселген қаламынан Алаш баласы асыға күтетін ордалы ойлар тұды. Кәсіпкерліктің қыр-сырын меңгеріп, жиған-тергенін басып жейтін қарақұс емес, шашып жейтін сұңқар болмыс танытты. Осындай азаматтың абзалына дос болған менде де арман жоқ шығар...

Отыз екі жыл бойы сызат түспеген достығымыз бүгінде ақыреттік достыққа айналды. Біздің заман қандай еді? «Балапан – басына, тұрымтай – тұсына» деген өтпелі кезеңнің өткелінде танымалбыз. Мекеніміз – Жезқазғандағы «Советская-7» аталып кеткен жатақхана. Жасыратыны жоқ, біздер – жыл он екі ай желігі басылмайтын серілер мен перілердің қатарынан едік. Біздер сыраханға жағалап жүргенде, Бекен облыстық радионың репортерін асынып, жұмысқа бара жататын. Біз ауылдан дорбалап тасып, тиын-тебенді ұыстап шашып жүргенде, Бекзат досым ауылдағы анасы мен артындағы бауырларына сәлем-сауқат жөнелтіп жүреді. Түнгі сауықтан түнеріп кеткен жүзімізге қан жүгіртетін де – Бекзат. Не керек, аудитынымыз – Бекзаттың қалтасы мен оқуға училище бітіріп келіп түскен ақын апапымыз Светлана Жумкинаның бөлмесі. Осылай өтті біздің жастық дәурен.

Бекзаттың қазіргі абыройы ол кезде аласа болды деп айта алмаймыз. Сол уақыттың өзінде сөз ұстап, көш бастап жүрді. Аймақтың қадірлі ақсақалдарымен пікірлесіп, елге тұтқа болған азаматтармен аралас-құралас болды. Қорадағы малын, басындағы бағын емес, дақ түспеген Арын байлық санаған аулы азаматпен қатар жүріп, қаптадас өсекте те, өзімізге ұстаз санадық қаршадайынан тағдыр талқысына түсіп, өрімдей кезінен өмір мектебін көрген қайырымды жігітті.

Атағы Арқадан Алатауға жетті. Абыройы – атан белін қайыстырар шамада. «Білім меценаты» атанып, Ұлттық «Алтын жүрек» сыйлығын иеленді. Бірнеше рет халық аманатын арқалап, қалалық, облыстық мәслихаттардың депутаты атанды. Желдің өтінде басталған тағдыр жолы қазір елдің алдындағы абыроймен жалғасты. Бірақ, қарапайым қалпынан айныған жоқ.

...Бүгін анасы Қайынжамал ерте тұрды. Бекзат та ояу жатыр. Пештің күлін алып, ыңылдап мұңлы әуеннің жетегінде отыр. Ұлы да бірге егіліп жатыр. Бірі – пештің алдында, бірі – көрпе астында. Пештің күлінен ұшқан жеңіл тозақ анасының жанарынан тарам-тарам аққан жасқа қонып, бет-аузын айғыздап жатыр. Ол – жуса кететін тозақ. Ал, Қайкен ана жүрегіңдегі айғызды кім көріпті?! Оны біздер – жыл он екі ай желігі басылмайтын серілер мен перілердің қатарынан едік. Біздер сыраханға жағалап жүргенде, Бекен облыстық радионың репортерін асынып, жұмысқа бара жататын. Біз ауылдан дорбалап тасып, тиын-тебенді ұыстап шашып жүргенде, Бекзат досым ауылдағы анасы мен артындағы бауырларына сәлем-сауқат жөнелтіп жүреді. Түнгі сауықтан түнеріп кеткен жүзімізге қан жүгіртетін де – Бекзат. Не керек, аудитынымыз – Бекзаттың қалтасы мен оқуға училище бітіріп келіп түскен ақын апапымыз Светлана Жумкинаның бөлмесі. Осылай өтті біздің жастық дәурен.

Бекзада болмысты Бекзат досымның Алтын жүрегі айналасына шуағын төгіп, елу деген белеске көтеріліп барады. Ғасырлық ғұмыр тіледім!

...Кешегі сайлау дүбірінен кейін Ақтоғайға барып, бір-екі күн демалып келетінін айтты. «Тоқырауыңа су келді ме екен?» дейді алдап. Неткен тектілік?! Неткен бекзадалық! Туған топырағындағы Тоқырауынның арнасын толтырып, кемелденген жеріндегі Кенгірді кемеріне толтыратын пейіл ғой – мынау! Ол – солай! Ол – Алтын жүрек иесі!

• ЖЕҢІС КҮНІ ҚАРСАҢЫНДА

«Қарлығаштар» оралар күн жақын

немесе қарағандылық танкіші қыз Жамал Байтасова туралы тың дерек

Ішкі істер органдарының ардагері Қанат Кареновтің «Қарлығаштар оралар ма?» кітабы қарағандылық танкіші қыздардың соғыстағы ерлікке толы қысқа ғұмырынан сыр шертеді. Автордың өзінде бар деректерді оқырманға жеткізгісі келетінін естіп, үйіне іздеп бардым. Ол бұл тақырыпты ұзақ зерттеген. Қазақстан және Ресей мұрағаттарын ақтарып, ақпарат жинап, жауынгер қыздардың есімін есте қалдыру және ұрпаққа үлгі-өнеге ету мақсатында осы еңбегін жазды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»



Бір деректі тапқан – бір дерек

Шығармашылық жұмыс Қанат Кареновтің әкесі, кеңес милициясының қызметкері, Ұлы Отан соғысының ардагері Саттар Кареновтің ұлына майдангер ағасының жерленген жерін тауып, ауылдан бір уыс топырақ апарып салуды аманат еткеннен басталды. Саттар Каренов 1942 жылы майданға аттанып, взвод командирі болған. Смоленск маңында ауыр жаракат алып, үйге мүмкіндігі шектеулі жан болып оралады. Ал ағасы Аскар Саттардан кейін 33-ші атқыштар дивизиясының сапында соғысуға кетті. 1944 жылы 3 ақпанда жауынгерлік тапсырманы орындау кезінде ерлікпен қаза тапты.

Саттар Каренов ағасы Аскардың қабірін қанша іздесе де, таба алмаған. Контужадан қалған сырқаттан 1980 жылы қайтыс болады. Ол кезде Қанат Каренов небәрі 15 жаста еді. Уақыт өте келе мектепті, университетті бітіріп, ішкі істер органдарында қызмет ете бастайды. Полиция старшинасынан полковникке дейінгі сатыдан өтті. Қарағанды облысы ІІД Тергеу басқармасы бастығының орынбасары лауазымынан денсаулық жағдайы бойынша 2008 жылы кеткен.

– Өкпе берген уәдемі ұмытпай, зейнетке шыққан соң Аскар ағамды іздей бастадым. 2010 жылы таптым. Ол Псков облысы, Новосокольнический ауданының Липшани ауылындағы бауырластар қабіріне жерленіпті. Қабір басына барып, әкемінің ағасын неге таба алмағанын түсіндім. Өйткені, ол үш рет қайта жерленген. Саттар

Ол танкіші қыздар туралы материалдарды іздей бастайды және майдангер-жазушы Ғазиз Әбішевтің «Жеңіс туы астында» кітабынан 1944 жылғы 22 тамызда жарық көрген «Советтік Қарағанды» (қазіргі «Ortalyq Qazaqstan») газетінің 106 (2356) санында жарық көрген әскери тілші Т.Жүнісовтің майдан даласынан жазған «Танкіші қазақ қыздары» атты мақаласын оқып біледі. Қарағандылық жауынгер қыздардың экипажы жауды қалай жапырғаны рухын көтеріп, мақтаныш сезімін оятқан. Кейін 1975 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне шыққан жазушы Қалмұқан Исабаевтың «Қайда екен, қайда сол батыр қыздар?» мақаласын оқиды.

– Бұл қыздардың тағдыры соңында тұяғы жоқ, үш рет қайта жерленген Аскар ағамның тағдырын есіме салды. Егер, әкем бауырын табуды өсиет етпегенде ағамның қабірі белгісіз болып қалар еді. Ал, мен мұндай олжаға кенелмес едім. «Өлі риза болмай, тірі байымас» деген осы шығар. Осылайша, «Қарлығаштар оралар ма?» повесін жаздым. Оны зейнетақыма шығардым. Неліктен қарлығаштар? Қарлығаш – үйдің, жақсылық пен бақыттың, өз өмірін қиған адалдықтың, тыныштықтың символы. Неге, қашан оралады? Мен олардың есімін елдің ұмытпағанын қалаймын және олар мақтаныш болып жас ұрпақтың аузында жүруі, жүрегінде тұруы тиіс. Өйткені, солдат екі рет өледі. Бірінші – өлгенде, екінші – оны ұмытқанда. Олардың көзсіз ерлігі Отанға деген сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа беріле бермек. Оның үстіне, қарлығаштар көктемде оралғаны сияқты танкіші қыздардың даңқы да, тың деректер де Отанына оралса деймін. «Қарлығаштардың» асқақ рухы мен биік даңқы оларды ұмытпай, насихаттағанда оралады, – дейді автор.

Өткенін білген бүгінін бағалайды

Қанат Кареновтің жазуға деген шабыты шындыққа, әділдікке жету ниетінен туындайтынын айтқан жөн. Тарихқа, Отанға деген патриоттық сезімі оған сарқылмас күш-қуат береді. Сонымен қатар, Қанат Саттарұлы жүрген жерінде жоғары оқу орындарында, колледж, мектептердегі кездесулерге танкіші қыздарды насихаттайды. Ж.Бектұров кітапханасы арқылы Қарағанды-Мәскеу, Қарағанды-Волгоград телекөпіріне қатысып, ержүрек арулар хақында кеңінен мәлімет берді. Жуырда Қанат Саттарұлының тарихи құнды деректер негізінде жазылған жоғарыдағы кітаптарын Астанадағы ҚР Қарулы Күштерінің әскери-тарихи музейінің қорына аталған музей директоры Н.Асиловтың өзі қуана қабылдап



Кареновке келген жерлеу туралы құжатта Семеновка ауылы деп көрсетілсе, өткен ғасырдың елуінші жылдарында бұл ауыл қайта құрылып, Невель ауданының Тимофеевка ауылына қайта жерлеген. Ауыл тұрғындарынан кеңестік сарбаздардың ерлігі мен Аскар ағай туралы көп білдім. Үш барлаушы ауылда қалып немістермен қалай күрескені, ал, төртіншісінің тұтқында болған немістің айтуынша, өз әскерімізге ақпарат жеткізіп, жауынгерлік тапсырма орындағаны да мені қатты ойландырды. Көрген-білгенімнің бәрін жазу керек екенін ұқтым. Көп ұзамай «Кешір, інім, кешір» повесін жазып шықтым. Ол көптеген журналдарда жарық көрді. Ағылшын тіліне аударылған бөлігі MANGI EL тарихи журналына да шықты. Сол жерден мен қарағандылық төрт танкіші қыз Жамал Байтасова, Құлкен Токбергенова, Гүлжамала Талғамбаева, Жәмилә Бейсенбаева туралы алғаш білдім, – дейді Қанат Каренов.

алды. Енді, жастарға әскери-тарихи білім беруде аталған туындылар пайдаланылады. Жоғарыда айтылғандай, Қанат Саттарұлы әкесі һәм ағасының жолымен жүріп, құқық қорғау қызметін жалғастырған. Ұлы Әлішер де Кареновтер отбасының ортақ ісін жалғастыруда. Ол да тергеуші. Осылайша, полиция әулетінің Отан қорғау ісі 1939 жылдан басталып, бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Бір ғасырға жуық әулеттің ер-заматтары Отан-Ананың игілігі үшін жұмыс істеді, халықтың тыныштығын күзетті. Қанат Саттарұлының жоспарында тағы бірнеше кітап жазу бар. Алайда, оған қажырлы еңбек қажет...

Танкіші қыздар Ұлы Отан соғысына қашан, қай әскери комиссариаттан аттанды, қайда түсті, аман-есен оралғаны бар ма? Бұл сұраққа әлі жауап жоқ. Облыстық мұрағатта соғыс кезіндегі құжаттар мен деректер толық емес. Сақталғандардың өзі көгеріп, қоң басқан.

Қанат Каренов танкіші қыздар туралы деректерді архивтерден талмай іздеп, мемлекеттік органдардан сұрап, талай хат жазған. Солардың біріне келген жауапта Қарағанды облысының қорғаныс істері департаментінің бастығы Ж.Құнанбаев 06.03.2023 жылы №4/687 хатында департамент қарамағындағы архивтерде аталған танкіші қыздар туралы деректің жоқтығын және көптеген деректің өрт кезінде жойылғанын жазған.

«Алайда, сіз сұраған Ж.Доспановтың «Женщины фронтовики Казахстана» атты кітабыңыз бойынша 3-том 82-бетте «Байтасова Жамал, Қазақ КСР, қазақ. Жұмысшы шаруа армиясының қатарында Ұлы Отан соғысының майдандарына қатысты» деген дерек бар. Бұл кітап Екінші дүниежүзілік соғыстың мұрағаттық құжаттары негізінде дайындалып, жазылған. Дереккөздер ішінде автор РФ Мемлекеттік мұрағатының материалдарын, Украинаның Мемлекеттік мұрағатының материалдарын және т.б. электрондық бұқаралық ақпарат құралдарын көрсетеді. Көрсетілген мән-жайлар әскери есепте тұрмаған әйелдерді әскерге жаппай шақыру 1942 жылы маусымда КСР Қорғаныс Халық комиссарының №0459 бұйрығымен басталғанын көрсетеді. Осыған байланысты, әскерге шақырылған әйелдерді қызыл армияның кітапшасын бере отырып, әскери есепке қою, оларды әскери мамандықтарға оқыту жергілікті оқу орнында өтті. Оларды іздеу, әскери есепке алу мәселесін зерттеу де күрделене түседі. Сондықтан, біз мұндай мәліметтерді таба алмаймыз. Қарағанды облысының қорғаныс істері департаментінің бастығы Ж.Құнанбаев» деп қол қойылып, мөр басылған.

«Қарлығаштар» саябаққа қонса игі

Жоғарыда келтірілген Ж.Байтасова туралы деректі Қанат Каренов Ж.Доспанов құрастырған «Женщины фронтовики Казахстана» атты 6 томдық еңбекті ақтарып отырып, 3-томынан тапқан. Бірақ, басқа үш жауынгер қыз туралы ешқандай дерек жоқ. Қолда бары жоғарыда аталған мақалалар ғана.

Тағы бір әскерер жайт, Қанат Каренов «Қарағандыдағы Жеңіс саябағына қарағандылық төрт танкіші қызға арнап ескерткіш қою керек» деп есептейді. Шынында, құптарлық жайт. Арканың батыр қыздарының еңселі ескерткіші Қарағандының қас төрінде тұрса, несі айып?! Сонда, ашылмай жатқан құпия архивтерге жол табылып, тың деректер жарыққа шығар, мүмкін...

Ал, Қанат Кареновтің «Қарлығаштар оралар ма?» туындысы қолда бар деректерге сүйеніп жазылған көркем туынды. Өзі де осы саланың қыр-сырын білгендіктен, деректерге сүйене отырып, әсерлі дүние жазып шыққан. Төртеуіне жеке тоқталып, ерліктерін көркем тілмен жеткізіп, өздерін де сөйлеткен. Бұл туралы фильм сценарийін де жазып, дайындап қойған. Өзірге бары осы.

• ТАНЫМ

Құлпытас

Ескерткіштер – ел тарихы, халық мұрасы. Жергілікті халықтың соңғы 200 жылда қалдырған ескерткіштерінің бірі – халық жәдігерлері. Оның ішінде, кесенемен қатар қойылатын құлпытастар бар. Қазіргі кезде кесене басына қара немесе қызыл гранит орнатумен қатар, адамның бейнесін салу дәстүрге айналды. Құлпытастың бетіне марқұмның суретін салу кеңестік дәуірде кең етек алып, кейін сол дәстүрге жалғасты.

Құлпытастың тарихи жәдігерлік ролі оның уақыт мерзіміне байланысты. Ал, кіші мемориалды сәулет кешенінің бір бөлшегі ретінде пайда болу кезеңі өте көне уақыттан бастау алады. Құлпытас жасау сымбат өнерінің орнына жүрді. Тастан адамның суретін қашап жатпай, мәрмәр тасты төрт қырлап мүсіндеп, бедерлеп, жазу жазып белгі қойды. Халық қайтқан адамға арнаулы жоқтау жырын шығара бермейтін секілді мүсін жасағанда сол кісінің кескінін ойып шығармаса да, жалпыға бірдей құлпытас қою салты туды.

Қайтыс болған адамды алдымен халық жырыммен жоктайтын болды. Сонымен қатар, қабір басына қойылған құлпытас пен жоқтау жырының мақсаты ортақ, біріндегі олқылықты екіншісі толтырып, мәңгілік ескерткіш қалдырды. Құлпытас жасау, қою – қазақ халқының тас өңдеу өнерінің мемориалдық бағытының ерекше бір бағыты. Құлпытастың кіші мемориалдық ескерткіш ретінде қалыптасуы жайында тарих ғылымында, әр кезеңде әртүрлі пікірлер айтылған. Алғашқы пікірді 1898 жылы А.Мұстафин түркі дәуірінің сынтастарымен қазақ құлпытастарын байланыстырады. Бұл пікірді кейін басқа зерттеушілер М.Меңдіқұлов пен Б.Ибраев қолдаған болатын. Құлпытастың шығу тегі Т.Басеновтің пікірінше, сынтастармен байланысты. Осы гипотеза Э.Масановтың еңбегінде қолдау тауып, қазақ құлпытастарының антропоморфтық қалпынан бас



байланысты зерттеуші ғалым С.Әжіғали бірнеше топқа бөлген.

Құлпытастар архитектуралық шешімі бойынша бірнеше түрге бөлінеді. Қарапайым табиғи тастан тұрғызылған, көркемдік, антропоморфтық.



тартып, бұл дәстүрді көне түрік руникалық жазбалармен (бангу-таш, бітіг-таш) байланыстырады. Алтай жеріндегі сынтас алдына қойылған бағана тас тізбегі жөнінде, зерттеуші ғалым В.Кубарев бұл өңірдегі осы бағыттағы тастар және қорымдардың қойылуы ерте кезден бастап қалыптасқан. Модалардың тізбегі солтүстіктен оңтүстікке қарай қоныстарға қатысты болғанын баяндайды.

Түрік кезеңіндегі балбал тастардың пайда болуы кезеңі белгісіз. Дегенмен, зерттеуші С.Руденконың пікірі бойынша, балбал тастардың саны, жерлеу ғұрпына қатысқан ру-тайпалардың құрамына, санына қатысты. Себебі, балбал тастар әйел және балалардың модалары алдына қойылған.

Алтай бағана тастары, балбал тастарға қатысты, бұл қайтыс болған адамның тірі кезіндегі моласы үйі, ал бағана тас ат байлайтын бақанды білдіретін белгі болуы мүмкін деген жорамалды Л.Потапов айтады. Ортағасырлық Алтай өңірінің қорғандары жанынан балбал тастың, ат байлайтын орны табылмағанмен, жер үйлерінде осы дәстүр дәл осы қалпында шығыс жағында атбайлар бағандар болған. Бағана тастардың қаралы жыныға жиналған жұрттың, атбайлар қазығы болған жорамалды толықтай түседі. Яғут асында кейінгі уақыттарға дейін жиналған жұрттың есебіне байланысты, сонша ат қазық дайындалған.

Орталық Қазақстанда құлпытастардың геометриялық формасы декоративті әшекейленуі және тарихи кезеңіне байланысты бірнеше түрі кездеседі. Құлпытастың әшекейленуі және күрделі түрлері Батыс Қазақстан территориясында өте жиі кездеседі. Аталған мемориалдық кіші ескерткіштерді кешендерге

Табиғи тастан тұрғызылған құлпытас

Аумағы шағын (биіктігі – 0,5-1,0 м) табиғи тасты құлпытас ретінде пайдалану. Бұл жағдайда үйменің немесе үйіндінің батыс жағынан қойылады. Мұнымен қатар тасқағанамен (тасқағана – дегеніміз сәулет ескерткішінің кіші түрі) де бірге қойылады.

Топографиялық орналасу жағынан ортағасырлық кесенелер және үлкен қорымдарда кездеседі. Табиғи тастың бетіне ру таңбасы салынған, құлпытастың аумағы әр дәрежеде (биіктігі – 0,5-0,7 м). Мысалы, Домбауыл кешені мен ортағасырлық Басқамыр қалашығының басындағы табиғи тастан қойылған құлпытастар.

Үйменің басына қойылған құлпытас

Құлпытастың бұл түрі Орталық Қазақстанның әр өңіріндегі қорымдарда кездеседі. Дегенмен, басым көпшілігі Ұлытау ауданында орналасқан. Мысалы, Алаша хан, Аяққамыр кесенелерінің маңында бірнеше жерде орналасқан. Бұл құлпытастардың белгісі бети тегіс, аумағы (биіктігі – 0,5-0,6 м, ені – 2,0-0,3 м). Біршама бөлігінде ешқандай таңба-белгі байқалмайды. Бұл – өте қарапайым, өзінің қалыптасу тегі жағынан әр түрлі ескерткіштерге қатысты. Құлпытас қазақ халқының діни көзқарасында үш әлемді білдіреді. Үстіңгі бөлігі аспан әлемі, екінші негізгі бөлік адам ғұмыры және жерге орнатылған жерасты бөлігі.

Темірғали АРШАБЕКОВ,
облыстық ғылыми техникалық құжаттама жөніндегі архив басшысы

Комплаенс: жемқорлықпен тиімді күрес

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл – мемлекет пен қоғам үшін ең өткір мәселелердің бірі. Бүгінде сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке тікелей қауіп-қатер төндіретіндей дәрежеге жетіп отырғаны да жасырын емес. Қазақстан мақсатты түрде кезең-кезеңімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді, әлемдік стандарттарға сай институттары мен тетіктерін құру бағытымен жүріп келеді.

Мемлекеттің қазіргі заманғы сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты превенцияға баса мән береді. Қылмыстық заңнаманы қатайтумен қатар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарымен күресуге дейін жеткізбестен, оның алдын алу және ескерту шараларына көбірек басымдық беріледі.

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің алдында білім беру қызметтерінің ашықтығы мен қолжетімділігін


терді құру заңнамалық тұрғыдан бекітілген.

2023 жылғы 3 қаңтарда Мемлекет басшысы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және мемлекеттік қорғауға жататын адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Қабылданған түзетулердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтердің

бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ішкі құжаттарды әзірлеу, жоғары оқу орнында құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу және т.б.

Осы міндеттерді орындау үшін Директорлар кеңесі 2022 жылдың 2 маусымында аталған қызметтің 2022-2023 жылдарға арналған кешенді жұмыс жоспарын бекітті, сондай-ақ университет облыстың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметімен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі бірлескен іс-шаралар жоспарын қабылдады.

Жоспарлы іс-шараларды сапалы түрде іске асыру парасаттылық пен академиялық адалдық құндылықтарын ілгерілету үшін



РЕФОРМА – ӨМІРШЕҢ ӨЗГЕРІСТЕР

университет қонақтарын қолдау және олармен адал қарым-қатынас жасау үшін Басқарма төрағасы-ректордың және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының блогтары құрылды және жұмыс істейді.

«Жастар Әлемі» – «Мир Молодежи» студенттердің өңірлік газетінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға байланысты өткізілген іс-шаралар ай сайын жарияланады.

Бұл жұмыста облыстың сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметімен, жұртшылықпен, студенттік өзін-өзі басқарумен ынтымақтастық және өзара іс-қимыл маңызды фактор болып табылады.

Бүгінгі таңда комплаенс-қызмет корпоративтік парасаттылық стандарттарын сақтау үшін тәуелсіз әрі тиімді жұмысымен жоғары оқу орнында сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттардың жол нұсқаушысына айналып отыр.

Бұл ретте, корпоративтік басқаруды табысты іске асыру, имиджді нығайту үшін ғылым және білім беру процесіне қатысушылардың барлығының келісілген және үйлестірілген күш-жігері қажет, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік әрбір қызметкер мен білім алушының азаматтық ұстанымы, ал академиялық адалдық қалыпты мінез-құлық нормасы болуы тиіс. Жоғары оқу орнының стратегиялық бағыттарының бірі – әлеуметтік-жастар саясаты. Оның мақсаты – студент жастарды рухани-адамгершілік құндылықтарды нығайтуға тарту, табысты әлеуметтендіру, белсенді азаматтық ұстаныммен әлеуметтік жауапкершілікті қалыптастыру үшін жағдайлар жасау.

Студенттер мен жастардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы қалыптастыруға дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «Таза сессия» акциясы айтарлықтай ықпал ететінін атап өткен жөн. Бұл акция құқықтық сананы қалыптастыру және профессор-оқытушылар құрамы мен білім алушылардың белсенді азаматтық ұстанымын, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзуға төзбеушілікті қалыптастыру мақсатында сессияаралық кезеңде өткізіледі және жоғары оқу орны басшылығының, студенттік өзін-өзі басқару органдарының, кәсіподақтың және т.б. қолдауымен жүзеге асырылады.

Сондай-ақ, студенттердің өтініштерін жедел қабылдауды, есепке алуды және қарауды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимылды жүзеге асыру мақсатында университеттің фойесі мен оқу ғимараттарында ұсыныстар мен ескертулерге арналған «сенім жәшіктері», ал жоғары оқу орнының порталында: «емтихан сессиясы бойынша сұрақтар» айдары орналастырылады. Сонымен қатар, емтихан сессиясы кезінде жағымсыз фактілерге байланысты проблемаларды ашық талқылау ұйымдастырылады.

Студенттердің академиялық адалдықтың бұзылғаны туралы сенім телефонына, «жедел желі» арқылы хабарлауға, Басқарма төрағасы-ректордың блогына және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысының блогына жүгінуге мүмкіндігі бар.

В.ОЛЕЙНИК,
Е.Бөкетов атындағы
Қарағанды университетінің
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы
комплаенс-қызметінің басшысы



қамтамасыз ету мақсатында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың белсенді саясатын жалғастыру міндеті тұр.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беруді кеңейту, білім берудің барлық деңгейлеріндегі білім беру бағдарламаларына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет пен парасаттылық тақырыптарын енгізу мәселелері көзделген. Бакалавриаттың барлық мамандықтары бойынша білім беру бағдарламалары «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері» элективті пәнімен толықтырылды.

Университетімізде бакалавриаттың білім беру бағдарламаларының оқу жұмыс жоспарларына «Құқық негіздері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет» пәні енгізіліп, оны студенттер 5 кредит көлемінде оқиды. Одан бөлек, парасаттылық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет тақырыптары заң әдеби, заңгер қызметіндегі әдеп нормалары, ҚР қылмыстық құқығы (ерекше бөлім), криминология, зансыз кірістерді жылыстатуға қарсы іс-қимыл жүйесі, экономикалық және салықтық қылмыстарды тергеу-тексеру, экономикалық қызмет саласындағы қылмыстық құқық бұзушылықтар, сыбайлас жемқорлық және экономикалық қылмыстық құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл және басқа да пәндерді зерделеу кезінде қарастырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру – адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамудың және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы азаматтық ұстанымды қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі.

Қазақстанда квазимемлекеттік секторда сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет

жұмысына да қатысы болды.

Атап айтқанда, квазимемлекеттік сектор субъектінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтің функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімше немесе жауапты тұлға айқындалады, оның негізгі міндеті сол ұйымның және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл ретте сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметтің функцияларын орындайтын жауапты тұлға ықтимал мүдделер қактығысы ескеріле отырып айқындалады.

Өзінің тиімділігін көрсеткен алдын алу шараларының бірі ретінде жоғары білім беру жүйесінде комплаенс-қызметтерді енгізу тәжірибесін атап өткен жөн. Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі құрылған болатын.

Комплаенс-қызмет жұмысының негізгі мақсаты – қоғамның, оның қызметкерлері мен білім алушылардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы, осы саладағы нормативтік-құқықтық актілерді сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тәуелсіз талдау мен бағалауды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу, білім беру процесінің ашықтық деңгейін арттыру, құқықтық мәдениетті жетілдіру және басқа да шараларды іске асыру.

Комплаенс-қызметтің маңызды функциялары мен міндеттері – сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, мүдделер қактығысын болдырмау, Корпоративтік әдеп кодексінің талаптарын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы және басқа да заңға қайшы іс-қимылдар

қолайлы орта құруға, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау, оларды анықтау және азайту, қоғам қызметінде мүдделер қактығысын жою бойынша жүйелі жұмысты жолға қоюға, өз қызметкерлерінің жосықсыз іс-әрекеттерінен орын алатын материалдық, қаржылық шығындарды және беделін өсіруге бағытталған шығындарды болдырмауға, қажетті ұсынымдар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта университетте бағдарламалық құжаттар, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар, білім алушыларға сыбайлас жемқорлықты бағалау және қабылдау, білім беру қызметтерін ұсыну сапасы мәселелері бойынша сауалнама (әлеуметтік пікіртер) жүргізу тәртібі туралы ереже, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар ұғымдарын, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл шараларын түсіндіру мақсатында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» жадынама әзірленіп, бекітілді. Әдістемелік және түсіндірмелік сипаттағы басқа да сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар қабылданды.

Қоғамның оң имиджін сақтау мақсатында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет өткен жылдың 3-тоқсанында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзуды болдырмау, анықтау және азайту, мүдделер қактығысын, әдепсіз мінез-құлықты және сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың өзге де бұзушылықтарын жою үшін «Жедел желі» жүйесін іске қосып, өзектендірді.

Университет сайтында студенттерді, қызметкерлерді және

Құттықтаймыз!

Арқаның атпал азаматы, белгілі меценат, білікті басшы **Бекзат Қомарұлы АЛТЫНБЕКОВТІ** ердің жасы 50-ге келуімен шын жүректен құттықтаймыз!

Кеше ғана ойын құған кара домалақ бала еді. Үлкен отбасында өсті. Жас кезінде тіземе отырғызып, еркелетіп, ертегі айтып беретінмін. Марқұм өмірлік жарым Сәлиманның жақсы көретін бауыры ғой.

Бекзат балдызым жастайынан болмысы бөлек болып ержетті. Ойы ұшқыр, талабы таудай-тын. Үміт-сенімімізді ақтады. Қатарынан суырылып шығып, еңбекке ептілігін көрсетті. Елдің батысын алып, өніп-өсті. Құзғын сияқты басып жеген жок. Қыран бүркіт сияқты шашып жеді. Халқының қамын ойлайтын қалаулы азаматы болды. Шарапатын жашпыға бірдей тигізді. Көңілінің кеңдігіне Құдай берді. Бүгінде ағалық жасқа келіп отыр.

Ұрпағымен мың жаса Бекзатжан! Өніп-өсе бер. Еңбегің жемісті, тұлғарың қашанда желісті болғай!



Тауып анық өмірден жолды күнім,
Кемелденіп, ақылы толды бүгін.
Зерек бала кешегі өніп-өсіп,
Ел ағасы құрметті болды бүгін.

Қыдыр қонсын жарқын қасыңа кеп,
Елге адал қызмет ет, тасыма тек.
Бәйтеректей тамырды терең тастап,
Абыз болып, Жамбылдың жасына жет!

Игі тілекпен: марқұм апақ Сәлиман мен жезден
Жақсыбайдың ұл-қыздары, немерелері

• АКЦИЯ

Қару тапсырған жазадан құтылады

10 сәуірден бастап облыс аумағында халықтан заңсыз сақталған қару-жарақты сатып алу бойынша жыл сайынғы акция басталады. Аталған акция ІІМ-нің бұйрығымен бекітілген, заңсыз сақталған атыс қаруын, оқ-дәріні және жарылғыш заттарды азаматтардың ерікті түрде өтеміді тапсыру ережесіне сәйкес қатаң түрде өткізіледі.

Заңсыз сақталған қару-жарақ заттарын ақшалай сыйақы үшін өз еркімен тапсырған азаматтар облыстың кез келген аумақтық

рған азаматтардың шотына түсетін болады.

Тіркелмеген атыс қаруын, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттар-



полиция органына өтініш береді. Ережеге сәйкес, тапсырылған қару санатын және сыйақы мөлшерін анықтау кезінде комиссия қару-жарақ заттарының техникалық жағдайына қатысты жүргізілген криминалистикалық сараптама нәтижелерін ескереді. Сыйақы төлемі қару-жарақ тапсы-

ды ерікті түрде тапсырған адамдар қылмыстық және әкімшілік жауапкершілікке тартылмайтын да айта кеткен жөн. Сондай-ақ, жарылғыш материалдар мен оқ-дәрілерді тауып алған жағдайда оларды қозғамай бірден полиция бөлімшесіне хабарлау қажет.

Өз тілішімізден

• ОҚЫС ОҚИҒА

Балықшылар суға батып кетті

Сарышаған кентінің екі тұрғыны Балқаш көлінде балық аулау кезінде суға батып кетті.

Аида РАХЫМҚҰЛОВА,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ер адамдар қайықпен балық аулауға шығып, байланысқа шықпай, хабарсыз кеткен. Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаментінің хабарлауына, олардың қайықпен айдына шығып, үйіне оралмағаны туралы хабар 31 наурызда түскен. Арызданушылардың айтуына, екі ер адам бір күн бұрын кеткен.

Іздестіру-құтқару жұмыстарын жүргізуге Қарағанды облысы төтенше жағдайлар департаменті Приозерск қалалық құтқару бөлімшесінің күштері жіберілді. Іздеу жұмыстарына жергілікті тұрғындар да тартылды. Жағалау аймағы зерттелді. Құтқарушылар

суға сүңгу жұмыстарын жүргізді. Төтенше жағдайлар департаменті жедел-іздестіру тобы жағалаудан 2 шақырымдай жерден 1965 және 1988 жылы туған екі ер адамның мәйітін тапты.

– Жағадан шамамен екі шақырым жерде ТЖД іздеу тобы екі ер адамның денесін тапты. Өлімнің мән-жайын полиция органдары анықтайды. Сот-медициналық сараптама тағайындалды. Дауылды ауа райында және тәуліктің қараңғы уақытында суға шығуға тыйым салынады. Жазатайым оқиғалардың алдын алу үшін балық аулағанда жағадан алыс кетпеңіздер, – деп хабарлады Қарағанды облысы ТЖД баспасөз қызметі.

Аймақтың құтқарушылары балықшыларға балық аулау алдында қайықтың жағдайын мұқият тексеріп, әр адамға құтқару шеңбері, белбеу немесе көкірекше болуы керектігін де еске салады.

Қарағанды облысы: ауа райы			
	6 сәуір	7 сәуір	8 сәуір
Қарағанды қаласы	+16 +3	+16 +1	+14 +2
Абай ауданы	+15 0	+16 0	+15 +2
Ақтоғай ауданы	+13 -7	+15 -4	+15 +1
Бұқар жырау ауданы	+15 +1	+15 0	+16 +1
Қарсақалы ауданы	+14 +3	+14 0	+14 +3
Нұра ауданы	+15 +2	+15 +1	+14 +2
Осакаров ауданы	+16 +4	+15 +2	+15 +3
Шет ауданы	+14 0	+14 0	+13 +1

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс коллексінің, мемлекеттік қызмет және жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9.00-18.00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы fnk.kar@minfin.gov.kz

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• ЭПОС

Жапонша сөйлеген жыр

«Қыз Жібек» лиро-эпосының Жамбыл Жабаев жырлаған нұсқасы жапон тілінде жарық көрді. Туындыны аударған – жапонтанушы Шарафат Жылқыбаева. Кітапқа пікір жазған Хоккайдо университетінің Құрметті профессоры Такэда Масанаоның айтуынша, қазақ халқының мәдениетін танып-білуде бұл шығарманың маңызы зор.

Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»



Кітаптың алғысөзінде қазақ фольклоры мен жыршы-жыраулар туралы мәлімет беріліп, «Қыз Жібек» эпосының жиналып-зерттелу тарихы баяндалған. Сондай-ақ, Жамбыл жырау шығармашылығы мен қазақтың жыраулық дәстүрінің ерекшеліктері, эпостардың қазақ мәдениетіндегі орны жайында жазылған. Кітап соңында эпоста кездесетін этнографиялық терминдердің түсініктемесі берілген. Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ағымсалы Дүзелхановтың «Қыз Жібек» суреттер топтамасы кітаптың көркін аша түскен. Эпостың түпнұсқасы Жамбыл Жабаевтың әдеби-мемориалды музейінде сақталған.

Қыз Жібек – қазақтың ең көне мұраларының бірі, лиро-эпостық дастан. «Қыз Жібек» жыры аңыз емес, тарихи оқиға, кейіпкерлері өмірде болған адамдар. Жырдың негізгі кейіпкерлері Төлеген мен Жібек бірін-бірі шын сүйген ғашықтар, бірақ әке бабасынан атпап кеткен Төлегеннің өлімі мен Жібектің қайғылы тағдыры жанарға жас үйірмей қоймайды. Жібек бейнесі — сұлулық пен әсемдіктің нышаны, қазақ халқының мақтаншысы, рухани ескерткіші. Қыз Жібек жырының 16 нұсқасы бар.

– Бұл қазақтың салт-дәстүрін ғана емес, жалпы Орталық Азия мәдениетін танытатын шығарма. Құнды еңбектен Қазақстанның көркем табиғаты мен көшпелілердің байырғы тұрмыс-тіршілігін танып білуде болады, – дейді Такэда Масанао.

• ТЕАТРАЛ АРНАСЫ

Ақ пен қара айқасы

Қазақстанда А.Брянцев атындағы жас көрермендер театрының ТМД елдеріндегі халықаралық фестивалі басталғаны баршаға мәлім. Фестивальдің шымылдығы Қарағандыдағы С.Сейфуллин атындағы облыстық академиялық қазақ драма театрында ашылды. Онда сахналанған У.Шекспир шығармасының топтасқан нұсқасы «Қысқы ертегі» деп аталады.

Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Жылдағыдай елордада емес биыл фестивальдің ашылуы Қарағандыда өтіп жатыр. Бұл менің ойымша жергілікті мәдениет сүйер қауым үшін үлкен мәртебе. Осыдан кейін театр көші Армения мен Қырғызстанға сапар шегеді. Ал, У.Шекспирдің «Қысқы ертегі» атты осынау туындысын әлемге танытқан А.Брянцев атындағы жас көрермендер театрының еңбегі еленуі тиіс. Сонымен қатар, қойылым LONG LIST жоғары ұлттық театрларының «Қысқы беттерде» сыйлығын алған. Қойылымға келер болсақ, ертегі деп тұрғанымен көрерменнің жас ерекшелігі 16-дан жоғары. Бұл үлкендерге арналған ертегі, – дейді Астанадағы Орыс мәдениеті орталығының басшысы Ольга Скальчук.

Расында, залға жиналған қалың қауым қойылымды тамашалау барысында небір өмірлік жағдайларға куә болды. Ол сатқындық пен алақоздік. Ақ пен қараның айқасы. Бір сөзбен айтар болсақ қойылым трагикомедия сыңайлы болды. Кез келген пенде басындағы қызғаныш айқын суреттелген. Қойылым режиссері Ұланбек Баялиевтің де көкесегені осы болар бәлкім, кім білсін?! Сөзім сеніне мінген қос ғашықтың мына жалған дүниеде небір ашкөздікке душар болуы сонда да мақсатынан тайсалмай алған бағытынан қайтпауы да кісіге ой салады-ақ.

Богемия королі Поликсен өзінің бала кезіндегі досы Сицилия патшасы Леонтке қонаққа барады. Олар кішкентайларынан бірге өскен. Ержеткен соң әркім өз жайын күйттеп жеке кетеді. Жолдастар бір жолығу мүмкіндігінен айырылса да, достығын сыйлықтармен, хаттармен нығайтып араны суытпайды. Тіпті, бұл берік байланысты үзуге ешбір себеп те болмап еді...



Досының елінде біршама қонақ болған Поликсен Леонтке құшақ жая қарсы алғаны үшін алғысын білдіріп таңертеңгілік кері аттанатынын жеткізеді. Алайда, алаңсыз дос көңіл Поликсеннен қалуын өтінеді. Досының көңілін қалдырғысы келмесе де кету керектігін алға тартқан Поликсенді Сицилия ханшайымы Гермона, яғни досының жары тоқтатады. Кербезденген сұлу сұрағанда сері жігіт сырт қалсын ба?!

Бұл көріністі сырттай бақылап тұрып қалған Леонт ойға шомып кетеді. Ой болғанда кәдімгі қызғаныштың қызыл итін жалаңатқан арам ой.

Осы сәттен бастап оның ойын сатқындық торлап алады. Жатса-тұрса ойлайтын жүрегін іесі Гермонианың жан досы Поликсенмен аймаласқанды. Тіпті, баласы жас князь Мамиллиустың өзінің баласы екендігіне де күмәнданып сырт айнала бастайды. Десек те баласының бет

әлпетіне қарап, Леонте аздап тынышталады. Өйткені, оның және кішкентай ханданың ұқсастығы өте көп еді. Өз күдігін растағысы келген патша дворян және король отбасының жақын серіктесі Камиллоны сұрақтың астына алады. Бірақ Камилло Леонтқа не қажет екенін нақты

түсінбейді. Сонда Леонт өзінің күдіктері туралы тікелей айтады және Богемия королін улауға бұйрық береді. Болып жатқан оқиғаларға толық сенбейтін Камилло әлгі бұйрықты орындауға келісуге мәжбүр болады. Не десе де бұйрықты патша берді. Ал, патша екі сөйлемейді. Камилло – нәп-нәзік уылжыған жас келіншек. Ол Поликсен патшаны өлтіру қолынан келмейтінін әуел бастан білетін. Өйткені оған сырттай ғашық еді...

Оқиға желісі ескі заманнан бері жақсылық пен жамандық қосарласа жүретіні тағы бір мәрте еске салғандай. Пенде басындағы әуелгі болмыстың күнделікті күйбең тірлікпен өзгеріп сала беретіндігін, ашкөздікпен айналаға төндірген қауіпті аңғармай қалатынымыз, ашумен ақтара төгіп, артын ала бармақ тістеп өкініп, өкіріп жылайтынымыз осы қойылымда айқын көрсетілген. Десек те, режиссер шеберлігін танытқан тұс ол қойылым қанша қайғылы әрі трагедиялық жанрада өрбесе де арасында езу тартар комедиялық сәттері де қылаң бергені бар.

– Біз бұл қойылымда Жаратушы жаратқан барлық сезімнің, қатар жүретінін көрсеткіміз келді. Мысалы арамдық пен адалдық. Жақсы мен жаман. Ақ пен қара. Жақсы көру мен жек көру. У.Шекспир осынау адам басындағы қарапайым сезімдерді топтастыра отырып өмірдің негізгі тұстарын бейнелегендей, – дейді қойылым режиссері Ұланбек Баялиев.

Шығарма көрер көзге оңай танылғанымен одан ой өрбітпін тағылым тую қиын секілді. Бір көрмеге кез келген пенде басындағы бар дүние. Күнде көріп-біліп сезініп жүрсе де осыған мән беріп шешудің жолын ойладық па?...

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• АУЫР АТЛЕТИКА

Құрмет төрінде

Албаниядан алтын алып, Алаш абыройын асқақтатқан қос қарағандылық спортшы елге оралды. Оларды қарағандылық спорт жанкүйерлері күтіп алып, ерекше құрмет көрсетті.

Жасөспірімдер арасында ауыр атлетикадан Дуррестте өткен сайыста бағы жанып көк туымызды көкке көтерген Никита Абдрахманов пен Дарья Балабаюк тарихқа тағы бір жаңалық енгізгендей. Қарағанды спортшының дәуірі енді туды деп айтарлықтай-ақ.

Әлемдік сында оза шапқан Никита зіл-темірді жұлқи көтеруден 164 келіні бағындырды. Ал, сермеп көтергенде 205 келіні бағындырды.

– Барша қарағандылықтарға алғысым шексіз. Бізді назардан тыс қалдырмағаны үшін. Осындай жауапты сәтте еліңнің ыстық ықыласымен толассыз қолдауын сезінген, білген үлкен бақыт. Спортшы үшін бұл мақтанарлық жағдай. Алда әлі жауапты сәт көп. Арнаым Олимпиада шыңын бағындыру, – деді Никита Абдрахманов.

54 елден топтасқан 248 қыз арасынан суырылып алға шыққан Дарьяның еңбегі атан түйеге жүк. Дарья Теміртау қаласынан. Алты жасынан ауыр атлетикаға бейім. Бұған дейінгі нәтижелері де айтарлықтай. 78 келі зілтемірді оп-оңай бағындырғаны соның бір айғағы іспеттес.



• ДЗЮДО

Татами тарландары анықталды

Халықаралық дзюдо федерациясы (IJF) Ангалияда өткен Grand Slam сериясы турнирінің қорытындысы бойынша дзюдошылардың жанартылған әлемдік рейтингін жариялады.

Қазақстандық Нұрканат Серікбаевқа осы турнирдің қола медалі үшін 500 ұпай берілді. Бұл дегеніміз әлемдік рейтингте 15 орын деген сөз.

Сондай-ақ, мәліметтерге сәйкес, қазақстандық Әбиба Әбужақынова әлемнің үздік бес дзюдошысының қатарына енді. Ал ерлер құрамасында Мағжан Шамшадин (60 келі) мен Данияр Шамшәев (73 келі) өз салмақ дәрежелерінде 15-орынға ие болды.



• ТЕННИС

Қазақстандықтар қарқын бар

Қазақстандық Юлия Путинцева (WTA рейтингінде 47-ші орын) Чарлстондағы (АҚШ) WTA 500 теннис турнирінің соңғы сәтінде жеңіске жетті. Ол Украинадан келген әлемнің бұрынғы үшінші ракеткасы Элина Свитолинаны тізе бүктірді.

Аталған матч үш кезеңге созылды. Біздің спортшы 6:7, 6:2, 6:4 есебімен ұдайы алда болды. Сонымен кездесу екі сағат 48 минутқа созылды.

Алдағы турнирдің екінші айналымында Юлия ресейлік Екатерина Александровамен ойнамақ (WTA рейтингінде 17-ші).

Ал, осынау дүбірлі доданың жұлде қоры 780 000 АҚШ долларын құрайды.

Дайындаған
Жан АМАНТАЙ,
«Ortalyq Qazaqstan»

• КЕЗДЕСУ

Концерттік бірлестіктің кемел кезеңі

Н.Гоголь атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада Қали Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің 85 жылдық мерейтойына арналған «Киелі өнер шаңырағы» атты кездесу кеші өтті. Кеш Манап Анықбековтің «Сылқылдақ» күйімен ашылды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Іс-шара Арқаның іргелі рухани орталықтарының бірі ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, өнерді өрге сүйреп келе жатқан өнер ордасының шығармашылығымен таныстырып, тарихи маңызын насихаттауды көздеді.

Шараға арнайы қонақ ретінде Қ.Байжанов атындағы концерттік бірлестіктің директоры Талғат Ыдырысов, концерттік бірлестік директорының орынбасары Газиз Ардағамбетов, көркем сөз шебері, ұжым ардагері Қажет Гиниятова, ұжым ардагері Тұңғышбай Игенбеков, дәстүрлі өннің дүлдүлі Сержан Мұсайынов, «Аққу» фольклорлық би ансамблінің жетекшісі Назгүл Әбілхан қатысты.

– Концерттік бірлестік 1938 жылы құрылған. Қарағанды филармониясының бастауында Жүсіпбек Елебеков, Нұғман Әбішев, Сабира Жұбатова, Рахия Қойшыбаева, Қасымжан Бабақов, Мағауия Хамзин,

Урия Тұрдықұлова және тағы басқа өнер тарландары тұр. ҚазКСР Халық әртісі Қали Байжановтың есімі 1990 жылы 16 сәуірде берілді. Қазір бірлестікте «Тәттімбет» атындағы академиялық халық аспаптар оркестрі, Симфониялық оркестр, Джаз оркестрі, «Аққу» фольклорлық-хореографиялық ансамблі, «Арқа Сазы» фольклорлық ансамблі, «Мерей», «Әуен», «Арай» ансамбльдері арқылы ұлттық өнер мен мәдениеттің озық үлгілерін насихаттап келеміз. Басқа облыстардағы өнер қарашаңырақтары түгел «филармония» деп аталса, біз ғана «концерттік бірлестік» атауын сақтап келеміз. Татулықта еңбек етіп, аға буынның сара жолынан жаңылмау – басты мақсат, – дейді Талғат Нүсіпұлы.

Сержан Мұсайынов «Дудар-ай» әнін шырқаса, Сергей Степанович Ш.Қалдаяқовтың «Бақыт құшағында» әнін саксофонмен, Нұрбол Темірғалиев ана туралы әндерден попури орындады. «Сүйемін сені, Қазақстан» әнін Айнуұр Сұлтанова мен Алуа Уәли әуелетті. Ал, «Аққу» ансамблі «Салтанат» биін биледі.



Бұдан бөлек, Дәуренбек Таранұлы Еуропа елдерінде өткен «Әміре» фильмінің түсірілім жұмыстары хақында айтып берді. Ол аталған фильмде Әміре Қашаубаев орындайтын «Балқадіша» әнін шырқағаны мәлім.

Сонымен бірге, өнер ордасы жайлы сыр шертетін кітапхана қорындағы кітаптардан жинақталған көрме ұйымдастырылып, оны Өнер әдебиеттері бөлімінің менгерушісі Балжан Оспанқұлова таныстырды. Айтуынша, кітапхана қорында бірлестікке байланысты 100-ден астам кітап және басқа да құнды құжат бар.

Бірлестік өмірі туралы «Сарыарқа әуені» атты викторина да жұрт көңілінен шықты. Сұраққа дұрыс жауап бергендерге жуырда

өтетін Дәуренбек Әрқеновтің және симфониялық оркестрдің шығармашылық кешіне билет таратылды.

Кітапхана директоры Дина Базарбайқызы қонақтарға алғысын айтып, 65 жылдығынан бері әр бес жыл сайын осындай кездесудің кітапханада өтіп келе жатқанын тілге тиек етті. Кітапхана мен концерттік бірлестік арасындағы шығармашылық байланыс алдағы уақытта да жалғасатынын айтып, қонақтарға ұжым атынан Алғыс хат хәм гүл шоқтарын табыстады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ORTALYQ QAZAQSTAN
Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Ararat» ЖШС

Директор – **Қ.Ж. ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустиальная Караганда»
газетінің бас редакторы –
О.В. МЯГКИХ
Директордың орынбасары –
Г.Ш. ЖҰМАДИЛДИНОВА

Бас редактор –
Е.К. МҰСАБЕК
Бас редактордың орынбасары –
Н.С. ДҮТБАЙ
Интернет-редакция редакторы –
І.Д. МҰҚАЙ
Жауапты хатшы –
Қ.Б. ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактор: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Призерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шақтық, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген (®)

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінң Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылы 15 желтоқсанда № К218VRY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімжан Ермеков көшесі, №93 үй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК КСЗБЖЗХХ БИН 000840001412

Таралымы 5 602

№938 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік органында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор **Жансап ОМАРБЕК**